Өз сабақтарымда оқушы білімін тексерудің тағы бір тиімді жолы Google Classroom қосымшасын пайдаланамын. Google Classroom оқыту және оқу үдерісі ұсынған функциялары алуан түрлі. Оқушыларға тапсырма бере отырып, оған әр орындаған жұмысына кері байланыс беруге тиімді және мұны қашықтықтан да жасауға мүмкіндік бар. 10-суретте дайындалған сұрақтарымның бірін мысал ретінде келтіріп отырмын. Сондай-ақ тақырыптық таныстырылымдарды, бейнематериалдарды, қажетті оқулықтарды жүктеп қоюға да болады. Білім алушы өз қажеттігіне қарай кез келген уақытта пайдалануына болады [6].

Қолданылып отырған интерактивті тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың пәнге қызығушылықтарының артқанын байқадық. Бұның дәлелі ретінде бірнеше оқушы жобалау жұмыстарымен айналысса, басқаларының түрлі пәндік сайыстарға қатысу белсенділігі артады. Нәтижесінде мамандық таңдауда да химия саласын таңдаған оқушылардың саны артып отыр.

Интерактивті тапсырмаларды практикада қолдану үшін 10-сыныптың «10.2 Ки-

Сурет 9 - ZipGrade мобильді қосымшасының жауап парақшалары

Сурет 10 - Google Classroom платформасында дайындалған сұрақтар

нетика» бөлімі таңдалып алынды. Себебі бұл бөлім тақырыптары оқушылардың қабылдауына қиындық тудырып келеді. Салыстыру үшін екі сынып алынды. Зерттеу сыныбында қалыптастырушы бағалауға интерактивті тапсырмаларды қолда-

нып, бақылау сыныбына дәстүрлі сабақ тапсырмалары қолдандым. Зерттеу сыныбы plickers.com бағдарламасы арқылы қалыптастырушы тапсырмаларын орындап отырды.


10 сынып "Химиялық реакция жылдамдығы"

Edited Sat 05 Nov

[Play Now](#)

[Edit Set](#)

Реакция типі



$2N_2 + 3H_2 = 2NH_3$
Бірқалыпты

A әртексті
C гетерогенді

B бірқалыпты
D гомогенді


10 сынып "Химиялық реакция жылдамдығы"

Edited Sat 05 Nov

[Play Now](#)

[Edit Set](#)

Реакция типі



$C_2H_4 + O_2 = CO_2 + H_2O$
Қатты арақ және оттек газ

A гомогенді
C гетерогенді

B бірқалыпты
D біртекті

10 сынып "Химиялық реакция жылдамдығы"

Edited Sat 05 Nov

[Play Now](#)

[Edit Set](#)

A+B=2C теңдеуі бойынша А затының бастапқы концентрациясы 0,08 моль/л, ал 10 с кейін 0,075 моль/л болса реакция жылдамдығы

A 0,0005 моль/л·с
C 0,05 моль/л·с

B 0,005 моль/л·с
D 0,5 моль/л·с

10 сынып "Химиялық реакция жылдамдығы"

Edited Sat 05 Nov

[Play Now](#)

[Edit Set](#)

Гомогенді реакция өрнегі

A $v = \frac{\Delta n}{\Delta t \cdot V}$
C $v = \frac{\Delta n}{\Delta t \cdot S}$

B $v = \frac{\Delta C}{t}$
D $v = \frac{\Delta C}{S}$

10 сынып "Химиялық реакция жылдамдығы"

Edited Sat 05 Nov

[Play Now](#)

[Edit Set](#)

Теңдеуді атаңыз

$aA + bB \rightarrow cC + dD$

$V = k \cdot [A]^a \cdot [B]^b$

A Ле-Шателье-Браун
C Менделеев-Клайперн

B Гульберг-Вааге
D Вант-Гофф

11- сурет – «Химиялық реакция жылдамдығы» тақырыбына интерактивті тапсырмалар



12- сурет – Оқушылардың сабақ кезіндегі іс-әрекеттері


Бірнеше сабақтар топтамасы өткізілген кейін оқушылардан алған рефлексия мен бақылау нәтижесі зерттеудің оң нәтижесін көрсетті. 12- суретте сабақ кезіндегі оқушылардың жұмыс әрекеттері көрсетілген. Атап айтатын болсақ оқушылардың білім деңгейі артты, дербес, жұппен және топпен интерактивті жұмыс түрлеріне машықтанды, дағды қалыптасты, пәнге деген қызығушылығы оянды, интерактивті тапсырмаларды орындап қана қоймай, өздері де интерактивті тапсырмаларды АКТ-ды пайда-

ланып құрды, қызығушылықпен белсенді орындады. Оқушылар сабақтарды осы нұсқада жалғасуын қалайтынын айтты. Химия пәнін өздері ойлағандай қиын емес, керісінше қызықты пән екендігіне көздері жеткендігін баяндады.

Бөлім бойынша алған білімдерін қорытындылау мақсатында бөлімдік жиындық бағалау (БЖБ) жұмысы алынды. «Кинетика» бөлімі бойынша БЖБ жұмысының нәтижесі 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – «Кинетика» бөлімі бойынша бөлімдік жиынтық бағалау нәтижесі

Сыныптар	Үлгерімі		
	«Қанағаттанарлық» (40-64%)	«Жақсы» (65-84%)	«Өте жақсы»(85-100%)
Зерттеу	6	10	84
Бақылау	45	35	20



Сурет 11 – «Кинетика» бөлімі бойынша оқушылардың үлгерім мониторингі

Жоғарыда келтірілген мониторингті, 11-сурет негізге алып зерттеу сыныбындағы оқушылардың үлгерімі жоғарылағанын көреміз. Яғни химия пәнін оқытуда тың, әрі қолжетімді АКТ-ды қолданып, ол арқылы интерактивті тапсырмалар қолдану рәсімімен де оқушының пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар үлгерімін жақсартатынын зерттеу сыныбына зерттеу сабақтар легін жүргізе отырып дәлелдедік. Ал бақылау сыныбында жаңартылған білім мазмұнында әдеттегідей сабақтар өткізілді, бірақ мұнда АКТ-ы арқылы интерактивті тапсырмалар жиынтығы берілмеді. Бұл сыныпта нәтижеге бақытталған айтарлықтай үлгерім динамикасы жоқ.

Ұсыныстар

Заманауи педагогикалық ізденістер оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынасын белсенді етуге негізделген. Дегенмен әрбір мұғалім белсенді тұлғаралық өзара әрекеттестікке және тиісті жеке кәсіби қарым-қатынасқа бейімделе бермейді.

Мұғалімнің дайындығы төмендегі өлшемдермен анықталады:

- ▶ икемділік – оқу процесінің өзгерісіне тез ілесіп кету шеберлігі;
- ▶ балаға деген шынайы қызығушылық – төзімділікпен тыңдай білу, оның қызығушылығы, көзқарасы, әсерін таңуға ұмтылысы;
- ▶ кеңдік – өз пікірін еркін білдіру;
- ▶ шыдамдылық – ойлау, пікірталас, фактілерден болатын қателіктерді байыппен қабылдау;
- ▶ құзыреттілік – ойын сауатты жеткізе білу;
- ▶ конструктивтілік – ой жұмысын көре білу, оны қолдау.

Интербелсенді технологияны қолданудың көп мүмкіндіктері болғанмен, оқу мен тәрбиеде барлық мәселелерді шеше алады деп айтуға келмейді. Интерактивті тапсырмаларды оқытуда қолдану – өз алдына жаңалық емес. Бұл тек оқушыларды танымдық оқу әрекетіне тарту, ынтымақтастық орта қалыптастыру әдісінің бір түрі болып табылады. Сабақты дәстүрлі формада өткізумен бүгінгі білім алушыны қызықтыру мүмкін емес. Сол себептен мұғалімнің әрбір сабағы тиянақты, терең дайындықты талап етеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда бүгінгі таңда оқытудың заманауи педагогикалық технологияларын пайдалана алу әрбір мұғалімнің біліктілігін анықтайды. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді. Ғылыми информацияның жедел өсуіне байланысты білімгерлердің өздігінен білім алып, өздігінен оқып-үйренуі өте маңызды болып отыр.

Оқу ақпаратын беру технологиялары білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жеткізуді ұйымдастырады. Барлық электронды білім беру ресурстарын екі топқа бөлуге болады: жергілікті және желілік. Ақпаратты орналастырудың тиісті әдісі ресурстарды құру технологиясына, оларға қол жеткізу технологиясына және оларды жеткізу технологиясына белгілі талаптар қоятынын есте ұстаған жөн.

Ақпараттық технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту құралдарына қарағанда артықшылықтарға ие:

1. АКТ электронды оқыту құралдарын қолдануды кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені олар ақпаратты тезірек жібереді.
2. Қозғалыс, дыбыс, анимация ұзақ уақыт бойы балалардың назарын аударады және зерттеген материалға қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Сабақтың жоғары динамикасы материалды тиімді игеруге, балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, шығармашылығын дамытуға ықпал етеді.
3. Мектеп жасындағы балалардың визуалды – бейнелі ойлауын ескере отырып, материалды жақсы есте сақтауға және қабылдауға ықпал ететін көрнекілікті қамтамасыз етеді. Бұл есте сақтаудың үш түрін қамтиды: визуалды, есту, мотор.
4. Слайд-шоулар мен бейне-клиптер оқушыларға қоршаған әлемдегі сәттерді көрсетуге мүмкіндік береді: мысалы, қышқыл жаңбыр жауғанда жүретін карбонатты тау жыныстарының реакциясы.
5. Сондай-ақ күнделікті өмірде көрсету мүмкін емес немесе қиын емес өмірлік жағдайларды модельдеуге болады.
6. АКТ – шектеулі мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс істеудің қосымша мүмкіндіктері.
7. АКТ құралдарын сабақтың әр кезеңінде тиімді пайдалануға болады. Мысалы, Plickers, Quizizz, Canva, Prezi, Виртулаб, ПостНаука және тағы басқа ресурстардың көмегімен сабақты қызықты әрі пайдалы етіп өткізуге мүмкіндік бар.

Бұл технологияны қолдану сабақта уақытты үнемдеуге, белсенді іс-әрекетті ұйымдастыруға, оқу әдістерін әртараптандыруға, оқушыларды бір қызмет түрінен екіншісіне ауыстыруға, оқу барысында көрнекілік деңгейін арттыруға, ойын-сауық элементтерін енгізуге, оқу процесін жандандыруға, оны эмоционалды күйде өткізуге мүмкіндік береді.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Әлімов А.Қ.** Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Пед. Шеберлік орталығы, 2014. – 188 б.
2. **Бұзаубақова Қ.Ж.** Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Тараз: ТарМПИ, 2014. – 124 б.
3. **Ниязов Г.Ж.** Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. – Алматы. – 2008. – 124 б.
4. **Сорокин В.В.** Основы программированного обучения учебного материала по химии. – М., 2004. – 125 с.
5. **Казиканова Э.** Инновациялық технологияларды химия сабағында пайдалану тиімділігі және табысқа жету жағдаятын туғызу жолдары // Химия мектепте. – 2015. 9-13 б.
6. **Самеев М.Н., Избасаров Е.Х.** Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі-қашықтықтан оқыту технологиясы, Тараз қ. Мақала zkoipk.kz/ 2016smart1/2543-conf.html

● ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНТЕРАКТИВНЫХ ЗАДАНИЙ НА УРОКАХ ХИМИИ

Асанова А.А.

Гимназия для одаренных детей им. Абая,
г.Павлодар

Аннотация. В эпоху развития информационных технологий рост различных технических средств, несомненно, будет способствовать поиску современного учителя. Одним из эффективных способов повышения интереса учащихся к урокам химии, считающимся сложным предметом, является использование интерактивных заданий. Учащиеся в процессе выполнения задания наряду с химическими знаниями формируют умение работать с информацией, тем самым развивают коммуникативные, умственные, познавательные и творческие способности. В статье описаны особенности применения и эффективности каждого вида интерактивных задач. Приведены примеры заданий, которые были использованы в ходе урока. Соответственно, после применения данной технологии наблюдалось повышение качества знаний учащихся. Оказала свое влияние на выбор профессии в области химии.

Ключевые слова: информационные технологии, интерактивное задание, химия, программа, исследование

● THE EFFECTIVENESS OF INTERACTIVE TASKS IN CHEMISTRY LESSONS

Assanova A.A.

Abai Gymnasium for Gifted Children,
Kazakhstan, Pavlodar

Abstract. In the era of information technology development, the growth of various technical means will undoubtedly contribute to the search for a modern teacher. One of the effective ways to increase students' interest in chemistry lessons, which are considered a difficult subject, is the use of interactive tasks. Students in the process of completing the task, along with chemical knowledge, form the ability to work with information, thereby developing communicative abilities, mental, cognitive and creative abilities. The article describes the features of the application and effectiveness of each type of interactive tasks. Examples of tasks that I used during the lesson are given. Accordingly, after the application of this technology, there was an increase in the quality of the student's knowledge. It has had its influence on the choice of a profession in the field of chemistry.

Keywords: Information technology, interactive task, chemistry, program, research

МРПТИ 14.25.09

THE PROGRAM OF THE OPTIONAL COURSE IN ENGLISH «LEARNING TO SOLVE PROBLEMS IN CHEMISTRY» FOR GRADE 9

Begenova A.K.

GKP on REM «Secondary school № 16 named after Tolegen Aybergenov» the city of Astana

Abstract. The introduction of bilingual education is relevant in the modern educational system. This article discusses the content of the optional course “Learning to solve problems in chemistry”, which is aimed at increasing motivation in learning English and chemistry as part of the integration of language and subject matter. The course is built according to the method of CLIL, according to which the language is a means of studying the subject. Course content contributes to the development of students’ linguistic and subject competence. The optional course “I’m learning to solve problems in chemistry” is designed for 36 hours. The course consists of five sections, each of which includes a detailed content of the material, aimed at developing the skill of solving problems in chemistry.

Keywords: bilingual study of chemistry, chemical language, problem-solving

Introduction

The purpose of the course is to promote the development of students’ creativity through the application of problem solving methods in various areas of chemistry using English. The main goals are to teach students to apply algorithms in solving problems in inorganic and organic chemistry, as well as to improve their communicative competence. The purpose of this elective course is to increase motivation for learning English and chemistry, integrating language and subject knowledge. It follows the CLIL (Content and Language Integrated Learning) methodology, transforming language into a subject-matter learning tool that helps develop the necessary linguistic competencies for effective communication and future professional use of English.

The course “Teaching Problem Solving in Chemistry” for 9th graders is designed to familiarize students with intriguing facts, develop problem-solving skills and illustrate interdisciplinary connections with everyday life, increasing their interest in the subject. [1] Problem solving helps strengthen knowledge, develops independent work skills, and strengthens understanding of chemical laws, theories, and key concepts. Completing assignments broadens students’ horizons, develops logical thinking, instills the will to overcome difficulties, and serves as an indicator of the development of students’ chemical thinking and knowledge acquisition.

The program is implemented during the academic year and includes an elective course program, calendar-thematic plans

and short-term plans. The scientific novelty of the study lies in the diverse participation of students in chemistry classes and English language integration, as well as in the use of modern pedagogical technologies. Theoretical significance includes the introduction of individual and group training methods, as well as methodological techniques “Non-standard methods for solving problems.” In practice, the study offers non-standard solutions to problems in chemistry, which can be widely used in teaching chemistry not only at school, but also in extracurricular activities.

The teacher should take into account the age and individual characteristics of students when constructing the educational process in order to stimulate communication and cooperation between students and the teacher. [2] The purpose of the lesson is to develop linguistic and communicative competence when studying chemistry in English, with an emphasis on practical skills in using English as a tool for obtaining subject-specific chemical knowledge. The research hypothesis is aimed at improving the quality of the educational process.

Additionally, the study highlights the differences between ESL (English as a Second

Language) and EFL (English as a Foreign Language) and their roles in various educational settings. It also highlights the benefits of dual immersion programs in helping students develop native language skills and promoting linguistic and sociocultural advantages. These programs promote inclusion and improve the education of linguistic minority students, which benefits both native English speakers and English language learners.

In conclusion, this course combines chemistry problem solving with English language learning, following the CLIL methodology and developing creativity and communication skills in students. It emphasizes the importance of structured learning and the use of innovative teaching methods to improve the quality of education.

Methodology

The optional course “Learning to solve problems in chemistry” is designed for 36 hours. The course consists of five sections, each of which includes detailed content aimed at developing problem-solving skills in chemistry. The program is implemented during the academic year, with the curriculum calculated as shown in Table 1.

Table 1. Training and thematic plan

Name of the section		Total hours
1.	Electrolytic dissociation	5
2.	The rate of chemical reactions	6
3.	Chemical equilibrium	7
4.	Calculation of the mass and (volume) share of the product yield compared to the theoretically possible yield	9
5.	Derivation of the molecular formula of a gaseous substance from the relative distribution and mass fractions of elements	9
Total		36

The content of the elective course «Learning to solve problems in chemistry»

The optional course “Learning to solve problems in chemistry” is designed for 36 hours.

The course consists of six sections, each of which includes detailed content of the material aimed at developing the skill of solving problems in chemistry. The study of the first section takes 4 hours. The “Electrolytic dis-

sociation” is considered, which will help to expand the understanding of the structure of substances. The optional course “Learning to solve problems in chemistry” is designed for 36 hours. The course consists of six sections, each of which includes detailed content of the material aimed at developing the skill of solving problems in chemistry. The study of the first section takes 5 hours. The “Electrolytic dissociation” is considered, which will help to expand the understanding of the structure of substances.

Section 1. Electrolytic dissociation (5 hours).

The essence of the theory of electrolytic dissociation. Electrolytic dissociation of acids, bases and salts. The degree of electrolytic dissociation. Properties of acids, bases and salts from the point of view of the theory of electrolytic dissociation. Hydrolysis of salts. The study of the second section takes 6 hours. They are aimed at mastering the algorithm for solving problems, improving the skill of solving problems of the proposed type in this section.

Section 2. The rate of chemical reactions (6 hours).

Determination of the chemical reaction rate. Solving problems based on the Van'tGoff rule. The study of the third section takes 7 hours, is aimed at studying chemical equilibrium and the conditions of displacement of chemical equilibrium.

Section 3. Chemical equilibrium (7).

Reversibility and irreversibility of chemical reactions. Chemical equilibrium. The effect of changes in concentration, pressure

and temperature. The fourth section takes 7 hours, is devoted to calculating the mass of a substance by the reaction equation, if the mass of another substance containing a certain mass fraction of impurities is known. Reversibility and irreversibility of chemical reactions. 6 Chemical equilibrium. The effect of changes in concentration, pressure and temperature. The fourth section takes 9 hours, is devoted to calculating the mass of a substance by the reaction equation, if the mass of another substance containing a certain mass fraction of impurities is known.

Section 4. Calculation of the mass and (volume) share of the product yield compared to the theoretically possible yield (9 hours).

Calculation of the mass fraction of the product yield compared to the theoretically possible yield. Calculation of the volume fraction of the product yield compared to the theoretically possible yield. In the fifth section, the skill of solving problems in organic chemistry is worked out, the derivation of the molecular formula of a gaseous substance by relative density and mass fractions of elements and 9 hours of study time are allocated for this.

Section 5. Derivation of the molecular formula of a gaseous substance from the relative distribution and mass fractions of elements (9 hours).

Solving problems in organic chemistry derivation of the molecular formula of a gaseous substance by relative density and mass fractions of elements solving problems in organic chemistry derivation of the molecular formula of a gaseous substance by relative density and mass fractions of elements.

Table 2. Thematic planning of the optional course “Learning to solve problems in chemistry” (36 hours a year, 1 hour a week)

№	Topic title	Qty Hours	Date Holding
Section 1. Electrolytic dissociation (5 hours).			
1	The essence of the theory of electrolytic dissociation. The essence of the theory of electrolytic dissociation. Electrolytic dissociation of acids, bases and salts.	1	

Nº	Topic title	Qty Hours	Date Holding
2	The degree of electrolytic dissociation. Properties of acids, bases and salts from the point of view of the theory of electrolytic dissociation.	2	
3	Hydrolysis of salts.	2	
Section 2. The rate of chemical reactions (6 hours).			
4	Determination of the chemical reaction rate.	3	
5	Solving problems based on the Van't-Goff rule.	3	
Section 3. Chemical equilibrium (7 hours).			
6	Reversibility and irreversibility of chemical reactions. Chemical equilibrium.	1	
7	The effect of changes in concentration.	2	
8	The effect of changes pressure	2	
9	The effect of changes temperature.	2	
Section 4. Section 4. Calculation of the mass and (volume) share of the product yield compared to the theoretically possible yield (9 hours).			
10	Calculation of the mass fraction of the product yield compared to the theoretically possible yield. Calculation of the mass fraction of the product yield compared to the theoretically possible yield.	5	
11	Calculation of the volume fraction of the product yield compared to the theoretically possible yield.	4	
Section 5. Derivation of the molecular formula of a gaseous substance from the relative distribution and mass fractions of elements (9 hours).			
12	Derivation of the molecular formula of a gaseous substance by relative density.	4	
13	Derivation of the molecular formula of a gaseous substance by the mass fractions of elements Derivation of the molecular formula of a gaseous substance by the mass fractions of elements.	5	

Practical use

Such programs require strong trilateral partnerships — a strong commitment from school leadership, highly qualified and dedicated teachers, and continuous parent involvement at all levels. After graduation, children can freely communicate in two languages, and not necessarily with the same knowledge, but children can easily read, speak and write in both languages.

Cooperative, or joint, learning (Cooperative learning), which is based on ideas that emerged at the beginning of the last century and developed by philosophers and psychologists such as Kurt Lewin, John Dewey, and Lev Vygotsky, is at the heart of the Singaporean methodology.

Also for the organization of work is often used a technique called “High Five” / “High - five.” This is a signal of silence and attracts attention. When the teacher needs to attract the attention of students quickly, he raises his hand high and loudly says “High Five!”. Hearing this phrase, students should postpone all their affairs and raise the hand with which they write. The teacher waits until all the students are ready to hear him and announce the task [3]. The JET Program seems to be a more personal and individual rather than a formal approach, traditional characteristic of the Japanese education system.

That the grammatical method showed its inoperability in the multicultural world, it is still used in some parts of India, and, as

already noted, Japan uses the grammatical method to show its interoperability in the multicultural world. The essence of the grammatical method is that students memorize grammatical rules and a dictionary of a relatively small volume from a textbook and translate the text given to them in a foreign language in the literal sense of the word into a word. Moreover, both the textbook itself and the teacher's instructions/explanations are written in the language of the titular nation, that is, in Japanese [4].

In the study of chemistry in English, the development of critical thinking plays an important role. The model for the development of critical thinking described here comes from a modern empirical study of the directions and processes of the intellectual development of children and adolescents. He identifies three forms of second-order knowledge (metacognition) - metacognitive, met strategic and epistemological - which are an integral part of what develops cognitively to make critical thinking possible. (D Kuhn, 1999) [5]. The concept of "reflexive thought" was introduced by John Dewey in 1910 in his book "We Think", intended for teachers. Dewey acknowledged his duty to his contemporaries in philosophy, William James and Charles S. Peirce. Dewey's main assumption was that learning improves to the extent that it occurs in the process of reflection. Over time, the terminology relating to reflection has become widespread, giving rise to many synonyms, such as "critical thinking", "problem-solving", and "higher level thinking". (Reflexive thought, critical thinking, S. Samuel Shermis) [6].

Dewey's reflective thinking, repeated over the years, was "Active, persistent and careful consideration of any belief or perceived form of knowledge in the light of the grounds that support it, and the further conclusions it seeks". (Dewey, 1933) [7].

Advantages of using this method model:

1. The student learns a large amount of language material, which represents a

full immersion in the natural language environment;

2. Working on various topics allows you to learn specific terms and certain language constructs, which helps to replenish the student's vocabulary with subject terminology and prepares him for further study and application of the acquired knowledge and skills.
3. The method of language integration allows you to move away from the standard presentation of material and gain more extensive knowledge, which will undoubtedly be useful for future professional and everyday communication. Students get the opportunity to show not only their linguistic abilities, but also their knowledge in various areas of life: medicine, art, business and others.

Disadvantages of using this method model:

The two main ones are the lack of sufficient knowledge among foreign language teachers in a particular subject and the insufficient proficiency in the language of the subject teacher. [9] Negative aspects include the imperfection of some English textbooks and the insufficient number of training sessions according to the educational program. The use of the methodology is also hampered by the different levels of foreign language proficiency among students, which can lead to an increase in study load and, accordingly, to a number of psychological and psychosomatic problems. The teacher, in turn, also has to face certain requirements, such as: using various forms and methods of presenting educational material and organizing educational activities, taking into account the individual abilities of students and being in constant creative search. In addition, when planning educational material based on the CLIL methodology, it is important for the teacher to take into account the age of the students, their level of proficiency in a foreign language, and their readiness to perceive educational material in a foreign language. The technique is based on five basic principles that must be taken into account when

applying it. These are aspects such as: Cultural Social Language.

Recommendations

The course "Learning to solve problems in chemistry" (in English for grades 9) is recommended for implementation in educational organizations.

This course contains problems in English of the main types considered in the 9th grade chemistry course and shows the methodology for solving them. The presented tasks can be used in lessons in basic, specialized classes and classes with in-depth study of the subject, when studying special courses in chemistry. The material in the manual can be used by teachers, students, and applicants.[8]

It should be emphasized that programs have been developed and approved for the elective course, and teaching aids for teachers have been provided. However, if required, the teacher can independently organize an elective course. When selecting educational material for an elective course, pedagogical education theorist P.R. Atutov advises to be guided by the criteria of generality, accessibility and the ability to transfer knowledge to different types of activities.

Russian teacher M.N. Skatkin offers the following series of data selection criteria: the scientific value of the selected material, its significance for social practice, accessibility, practical significance and prevalence in differentiated industries. The use of this kind of criteria contributes to the successful selection of educational material necessary for the implementation of key educational goals.

Recommendations for teachers:

1. Choose the direction of activity of the elective course.
2. Select a course topic
3. Studying scientific and popular science literature on the topic.

4. Study the theory on the topic, but do not go far from the school curriculum.

5. Application in practice.

6. The elective must be logically completed.

Conclusion

Each topic contains theoretical material, as well as practical and provides for solving problems in English. It is necessary for the formation and development of the skills of analysis, comparison, generalization, introspection and self-control, the ability to establish causal-effect relationships between various facts, the ability to draw conclusions, to defend their point of view. Students will receive advanced tasks in English on the topic of the upcoming lesson. This is done so that the teacher does not waste time explaining the new topic. Each lesson is planned to organize the independent work of students under the guidance of a teacher. Only some of the most complex parts of the theoretical material will be frontally explained, and during individual work, those aspects of the content that some of the students did not understand.

Attention, students are offered various tasks on content and on complexity, which require active cognitive activity from students. This course is offered to all students who wish to gain a deeper knowledge of the subject in English.

The course is important because it covers the theoretical foundations of chemistry and the practical use of chemicals in everyday life, allows students to develop certain skills and abilities necessary for the successful mastery of chemical concepts and terms in English, to understand and explain different chemical solutions in English. tasks, mastering the basics of knowledge for continuing education in the senior specialized classes.

The practical orientation of the material studied makes this course very relevant, since the course is aimed at implementing a linguistic, communicative and integrated approach to learning.

The content of the course allows the student at any level to engage in the learning and cognitive process at any stage of the activity.

References

1. <https://multiurok.ru/files/elektivnyi-kurs-organicheskoi-khimii-reshenie-khim.html>
2. **Zaprudsky N.I.** Organization of optional education in 11-year schools. – Mn.: Zorny verasen. – 2008. 7. Novik I.R. Integrative electives of chemical and biological content as a means of developing national students with high cognitive abilities: dissertation for the research of the scientific degree of a candidate of pedagogy. Sci. – Federal State Budgetary Educational Institution of Higher Education “NSPU im. K. Minin”, N. Novgorod. – 2005 Dual Language Education: A Promising 50–50 Model Leo Gómez, David Freeman & Yvonne Freeman (22 Nov 2010)
3. Language proficiency and academic success: Relationships between proficiency in two languages and achievement among Mexican American students E. García-Vázquez, LA Vázquez, IC López... - Bilingual Research ..., 1997)
4. **Lidin R.A.** Tasks, questions and exercises in chemistry: Grades 8-11: A manual for students of educational institutions / R.A. Lidin, L.Yu. Alikberova.-M.: Education, 2002.-189s.
5. **Lidin R.A.** Chemistry. Grades 8-9: Study Guide // R.A. Lidin, E.E. Yakimova, N.A. Votnina.- M.: Drofa, 200.-192s.
6. ASCD. “Bilingual Education: Effective Programming for Language-Minority Students”. ascd.org. Retrieved 2018-06-13.
7. Bilingualism and Language Teaching Series: 2. How Bilingualism Informs Language Teaching Steve McCarty, Professor, Osaka Jogakuin College and Osaka Jogakuin University (September 27, 2013)
8. **Gabrielyan OS, Smirnova T.V.** We study chemistry in the 8th grade: a textbook for the textbook of O.S. Gabrielyana “Chemistry-8” for students and teachers - 4th ed. Use additional - Moscow: “Blik and K”, 2002. - 224s.
9. **Joseph A. Mascetta, M.S., C.A.S.**

● АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ 9-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ХИМИЯ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДІ ҮЙРЕНУ» ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бегенова А.Қ.

Астана қаласы «Төлеген Айбергенов атындағы № 16 орта мектебі» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. Екі тілде білім беруді енгізу қазіргі заманғы білім беру жүйесінде өзекті болып табылады. Бұл мақалада «Химиядағы мәселелерді шешуді үйрену» курсы талқыланады, ол тіл мен пәндерді біріктірудің бөлігі ретінде ағылшын және химия пәндерін оқытуда мотивацияны арттыруға бағытталған. Курс CILIL әдісіне сәйкес құрастырылған, оған сәйкес пән тілі зерттелетін пән болып табылады. Курстың мазмұны студенттердің лингвистикалық және пәндік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. «Химиядағы мәселелерді шешуге үйренемін» факультативтік курсы 34 сағатқа есептелген. Курс бес секциядан тұрады, олардың әрқайсысы химияның мәселелерін шешу дағдыларын дамытуға бағытталған материалдардың егжей-тегжейлі мазмұнын қамтиды.

Түйінді сөздер: химияны екі тілде оқыту, химиялық тіл, есептер шығару.

● ПРОГРАММА ФАКУЛЬТАТИВНОГО КУРСА «УЧИМСЯ РЕШАТЬ ЗАДАЧИ ПО ХИМИИ» ДЛЯ 9 КЛАССА НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Бегенова А.К.

ГКП по ПХВ «Средняя школа № 16 имени Толегена Айбергенова» города Астаны

Аннотация. Внедрение двуязычного образования актуально в современной образовательной системе. В этой статье обсуждаются содержание факультативного курса «Учусь решать задачи по химии», которое направлено на повышение мотивации при изучении английского языка и химии в рамках интеграции языка и предмета. Курс построен по методике CLIL, согласно которой язык выступает средством изучения предмета. Содержание курса способствует развитию у учащихся лингвистической и предметной компетенции. Факультативный курс «Учусь решать задачи по химии» рассчитан на 34 часа. Курс состоит из пяти разделов, каждый из которых включает подробное содержание материала, направленного на отработку навыка решения задач по химии.

Ключевые слова: двуязычное изучение химии, химический язык, решение задач.

FTAMP 14.25.09

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУДА ЗАМАНАУИ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Дәрібай Ғ.С.Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейі,
Талдықорған қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада автор құқықтық мәдениет ұғымының мәнін ашуда отандық және шетелдік ғалымдардың ой-пікірлеріне шолу жасай отырып, қазіргі таңда оқушылардың құқықтық мәдениетін арттырудағы құқықтық білім мен тәрбие берудің маңыздылығына талдау жүргізеді. Құқықтық білім беруде құқық негіздері пәнін оқыту ерекше рөл атқарады. Құқық негіздері пәнінде оқытудың интербелсенді әдістерін тиімді түрде қолданатын болсақ, бұл оқушылардың белсенділіктері мен құқықтық санасын арттыруға оң ықпал етеді. Осы ретте автор өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, құқық пәнін оқытуда заманауи интербелсенді әдістерді қолданудың практикалық маңыздылығын ашып көрсетеді.

Тірек сөздер: құқықтық мәдениет, құқықтық білім, құқықтық тәрбие, интербелсенділік, әдіс.

Кіріспе

Қазіргі қоғам жағдайында азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру негізгі басым бағыттардың бірі болуы қажет. Себебі, бүгінгі күні жастар арасындағы заңды білмеушілік, әртүрлі сипаттағы құқық бұзушылықтар құқықтық мәдениетті арттырудың маңыздылығын айшықтап отыр. Құқықтық сана деңгейінің артуы құқықтық мәдениетпен тығыз байланысты. Құқықтық мәдениет – бұл азаматтардың қоғамдық тәртіпке, мемлекет қабылдаған заң нормаларына сәйкес өз іс-әрекетін жүйелі түрде ұйымдастыруы мен реттеуі. Яғни, қоғамдық ортада өзін мәдениетті түрде ұстауы, мемлекет тарапынан қабылданған заңдарды білу, оған құрметпен қарау – құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері болып табыла-

ды. Бірақ құқықтық мәдениет деңгейінің артуына құқықтық нигилизм кері әсерін тигізуі мүмкін. Құқықтық нигилизм дегеніміз – құқықтың әлеуметтік және тұлғалық құндылығын жоққа шығаратын, оны қоғамдық қатынастарды реттеудің жетілдірілмеген тәсілі деп санайтын қоғамдық ой-пікірдің бағыты мен бағдары [1,176].

Бүгінгі таңда құқықтық мәдениет ұғымы туралы көптеген авторлардың берген анықтамалары бар. Солардың қатарында белгілі ғалым Б.С. Қабыкенова құқықтық мәдениетті «жалпы қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі, ал оның мәні құқық саласы мен заң тәжірибесінен асып түседі» – деп көрсетеді. Шын мәнінде де, мәдениет деңгейі жоғары дамыған қоғамда құқықтық мәдениеттің де қалыптасып дамуы заңдылық. Құқықтық мәдениеттің

тағы бір түсініктемесін құқықтанушы ғалым А.В. Турлаев береді. Ол: «құқықтық мәдениет пен адам құқығы – бұл жеке тұлға еркіндігінің шегін және оны тиімді түрде іске асыру тетіктерін анықтайтын өзара байланысты құбылыстар» – деп есептейді. Құқықтық мәдениет – қоғам мен адам мәдениетінің ажырамас бір элементі. Ол тұтастай алғанда қоғамның моральдық-құқықтық деңгейін көрсететін әлеуметтік-нормативтік жүйенің бір жағы. Құқықтық мәдениет әрбір жеке тұлғаның құқықтық білім мен дағдыларды, құқықтық мінез-құлық ережелерін қабылдау көрсеткіші және құқықтық нормаларды жүзеге асыру қабілеті [2, 30]. Ресейлік құқықтанушы ғалым И.А. Иванников пікірі бойынша құқықтық мәдениет – «жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып, құқықтық өсиеттерден, рәміз, нормалардан көрініс табатын, адамдардың мемлекеттік-құқықтық қатынас саласындағы қызметтер нәтижесі және осы құбылыстар мен өмір сүруде рухани азықтарды, олардың субъектілерінің заңды маңызы бар мінез-құлыққа әсерін бағалау». Расында, құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің бір тармағы ретінде азаматтардың заңға деген мінез-құлқынан көрініс табады. Құқықтық мәдениеттің негізгі міндетін кеңестік құқықтанушы ғалым И.Е. Фербер қоғамның барлық мүшелерін анықталған қатынасқа, өзінің міндеттеріне, құқықтарына, заңдылықты сақтауға дайындау деп біледі. Яғни, ғалымның пікірінен мынадай тұжырым шығаруға болады: құқықтық мәдениет азаматтардың заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін білуіне, қоғамдық тәртіпті сақтауына, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуіне бағыт береді [3].

Құқықтық сананы арттыруда жасөспірімдерге құқықтық білім беру маңызды. Өскелең жас ұрпаққа құқықтық тәрбие мен білім беру – оларды әр ісінде жауапты болуға, тәртіпке бағынуға, заңды құрметтеуге, өз құқықтары мен міндеттерін білуге ықпал етеді. Құқықтық сана неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым қоғамда құқық бұзушылықтың динамикасы төмен болады, мемлекеттегі құқықтық тәртіп

жүйесі нығая түседі. Жастардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыруда орта білім беру бағдарламасындағы «Құқық негіздері» пәнінің алар орны ерекше. Аталған пән арқылы оқушылардың заң ғылымы туралы теориялық түсініктері қалыптасады және қоғамдық өмір аясын құқықтық тұрғыда реттеу негіздері туралы біледі. Конституцияға сәйкес еліміздің құқықтық мемлекет екендігін ескерсек, әр оқушының санасына құқықтық нормаларды дарыту және оны мінез-құлық нормасына айналдыру басты міндеттердің бірі болып табылады.

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев «Заң» республикалық құқықтық ғылыми-практикалық журналының 2019 жылғы №5 санында жарық көрген «Құқықтық мемлекетке білімді заңгерлер керек» атты мақаласында: «Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды құрметтеуге, әділеттілікке, турашылдық жолға түсетіндей етіп тәрбиелеуі қажет. Балабақшаларда еліміздің Ата Заңы – Конституцияда көрсетілген адамның, азаматтың басты құндылықтары – құқықтары мен бостандықтары туралы айқындалған түсініктердің мазмұнын, мемлекеттің, мемлекет рәміздерінің маңызын, мемлекеттік құрылысының негізгі ұғымдарын түсіндіруі тиіс. Орта мектепте оқытылатын құқық негіздері пәнін қайта сапалы түрде дайындап, оны Конституцияға негіздеп шығару керек, осы пәнге бөлінген сағат санын көбейтіп, бір жүктемеге толтырып, дәріс беретін пән мұғалімінің арнаулы заң білімі болуына талап қойған жөн. Өйткені, білім сапасы ұстаздың мамандығына, білгірлігіне тікелей байланысты» – деп нақты атап көрсетеді [4,15]. Шын мәнінде, ғалымның айтқан пікірі өте дұрыс. Құқықтық білім берудің алғашқы элементтері балабақшадан басталуы тиіс. Оның формасы өте қарапайым түрде болуы қажет. Яғни, бүлдіршіндерді тәртіпті болуға, белгілі бір ережелерді орындауға, үлкендерді сыйлауға үйрету, Отан туралы түсінік беру олардың бойында патриоттық сезімді арттырып, нормаға сай әрекет ету дағдыларының бірінші кезеңдегі белгілерін қалыптастырады.

Әдістеме

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқу бағдарламасының құқық негіздері пәнінде оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану маңызды. Жалпы, «интербелсенді» сөзі – (ағыл. «inter» – өзара, «akt» – әрекеттесу) деген мағына береді. Ал интербелсенді оқыту технологиясы дегеніміз – нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, оқушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, мұғалім мен оқушының іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдері. ИОТ-ты пайдалану әр оқушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: мұғалім-оқушы, мұғалім-сынып, оқушылар-сынып, оқушылар-оқушылар, топ-топ, топ-оқушы), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқыту – оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту. Интербелсенді оқытудың мәні – сыныптағы барлық оқушы таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар бұл процесс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында болады. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық процестің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектену дәрежесіне дейін көтереді.

Жалпы сабақтағы интербелсенді әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интербелсенді оқыту технологиясына кіретін әдістердің түрлері төмендегідей:

- ▶ жұптасып жұмыс істеу;
- ▶ ротациялық (ауыспалы) үштік;
- ▶ айналмақ;
- ▶ миға шабуыл;
- ▶ броундық қозғалыс;
- ▶ шағын топтармен жұмыс;
- ▶ есептеу ағашы;
- ▶ сығымдау әдісі;
- ▶ өз атынан сот;
- ▶ азаматтық тыңдау;
- ▶ рөлдік және іскерлік ойындар;
- ▶ өз позицияңды ұстан;
- ▶ дискуссия;
- ▶ дебаттар [5, 152-155].

Практикада қолдану

Ендігі кезекте педагогикалық тәжірибемдегі «Құқық негіздері» пәнінде оқытудың интербелсенді әдістерін қолданудың ерекшеліктеріне талдау жасап өтсек. «Құқық негіздері» – қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән болғандықтан, көбіне «өз позицияңды ұстан», «рөлдік немесе іскерлік ойындар», «дебат», «миға шабуыл», «шағын топтармен жұмыс» секілді интербелсенді әдістерді қолдануға болады, сондай-ақ ақпараттық технологиялардың жетістігі ретінде интернеттегі оқыту қосымшаларында викториналық, зияткерлік ойындар өткізу өте тиімді.

Мәселен, 9-сынып оқушылары арасында «шағын топтармен жұмыс» әдісі бойынша интеллектуалды ойын өткіздік. Оқушылар екі топқа бөліне отырып, 1-кезеңде Quizizz платформасында тест тапсырмаларын орындады. Ал 2-кезеңде joyteka платформасында оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптарға қатысты ұяшықтар берілді. Әр топ кезекпен ұяшықтарды таңдап, сол бойынша сұрақтарға жауап берді. Соңында 2-кезеңнің қорытындысы шығарылып, ұпай сандарына сәйкес жеңімпаз команда анықталды. Жалпы

интеллектуалды ойын оқушылардың ойлау дағдысын шыңдауға, ізденіс қабілеттерін арттыруға оң ықпал етеді. Әсіресе, оқушыларды шағын топтарға бөлу олардың бір-бірімен өзара пікір алмасуларына, ойларын еркін түрде жеткізулеріне мүмкіндік береді.



Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап Жетісу облысы Талдықорған қаласында «Әдеп-құқық жөнін-

дегі ментор» жобасы іске асырылуда. Осы жобаның негізінде біз менторлық тәжірибемде тәрбие жоспарына сай құқық апталығы аясында «миға шабуыл», «дискуссия» әдістерін де кеңінен қолдандық. Аталған әдістерге сәйкес оқушыларды топтарға бөле отырып арнайы кейстер ұсындық. Сол кейстердің бір-екі үлгісін қарастырып өтейік. Олар төмендегідей:

Кейс: Баланың еңбек ету құқығы

Әли есімді 12 жасар бала көпбалалы отбасынан шыққан, оның ата-анасының табысы материалдық жағдайды қамтамасыз етуге жетпейді. Сондықтан Әлидің ата-анасы одан жұмыс істеуін сұрайды. Бірақ Әли жұмыс істегісі келмейді, оқуына мән бергенді жөн санайды.

Сұрақтар:

1. Аталған жағдайда баланың құқығы бұзылды ма?
2. Заң бойынша баланың қанша жастан бастап еңбек етіп, жұмыс істеуге құқығы бар?

Кейс: Мектеп өмірі

Марат есімді оқушы 8-сыныпта оқиды. Мараттың мінезі тұйық, сыныптастарымен де белсенді араласпайды. Бір күні Ербол есімді сыныптасы Мараттың жуастығын, оның өз қатарластарынан қалып қойғандығын басқа сыныптастарының алдында айтып мазақ қылады.

Сұрақтар:

1. Аталған жағдайда Мараттың қандай құқығы бұзылып отыр?
2. Ерболдың әрекеті дұрыс па?

Кейс: Мұғалімді балағаттау

Наурыздың 11 күні биология сабағында 8-сынып оқушысы мұғалімге дөрекі сөйлеп, балағаттаған. Мұғалім Талдықорған қалалық полиция бөліміне арыз жазған. Қазіргі таңда оқушыға қатысты ҚР ӘҚБ-нің 434 бабының 1-бөлігі бойынша (ұсақ

бұзақылық) әкімшілік хаттама толтырылды. Шешімді Жетісу облысының кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қабылдайды» – деп хабарлады Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі. Ведомство ата-аналарының жауапқа тартылатынын баса айтты. Осыған байланысты оқушының ата-анасын жауапқа тарту бойынша іс қозғалды.

Сұрақтар:

1. Кімнің және қандай құқықтары бұзылды?
2. Балаға қатысты жауапкершілікті талдаңыздар.
3. Бала өз міндеттерін орындамаған жағдайда жауапқа кім тартылады?

Жағдаяттық тапсырмалар беру аталған «миға шабуыл» әдісіне сәйкес оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, сол бойынша шығармашылық ізденіс жұмысын жүргізуге жағдай жасайды.

Колледж қабырғасында жұмыс жасап жүрген кезімде педагогикалық мамандықтар оқитын «Құқық негіздері» пәнінде «рөлдік немесе іскерлік ойындар» әдісін қолданғандық. «Еңбек құқығы» тақырыбында жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шарты қарастырылды. Кейде еңбек шартына қатысты даулар туындайтын кездер болады. Міне, осы жағдайда білім алушыларды – жұмыс беруші, екінші тарап – жұмыскер, үшінші тарап – еңбек дауларын қарайтын комиссия мүшесі ретінде рөлдерге бөлдік және оқушылар әр субъектінің атқаратын қызметін, құқықтары мен міндеттерін нақты өздері практикада рөлге ене отырып, талдап түсіндірді.

Аталған тақырыпқа байланысты студент кезімде теориялық білім мен мектепте өткен практика негізінде зерттеулер жүргізіп, негізгі ойларымды тұжырымдап жазған «Адам.Қоғам.Құқық» пәнін оқыту-

да интербелсенді оқыту әдістерін қолдандудың ерекшеліктері» атты мақаламыз 2017 жылы «Жетісу университетінің хабаршысы» журналында жарияланды.

Ұсыныстар

«Құқық негіздері» пәнінде негізінен көптеген интербелсенді оқыту әдістерін қолдануға болады. Жоғарыда талдау жасап өткен әдістемелер негізінде біз келесідей ұсыныстарымызды атап өтеміз:

1. Қазіргі қоғам жағдайында құқықтық сауаттылықты арттыру басым бағыттардың бірі екендігін ескерсек, «миға шабуыл» әдісін қолдана отырып, оқушыларға кейстік тапсырмалар беру өте тиімді. Құқық пәнінен беретін мұғалімдерге осы әдісті кеңінен қолдануды ұсынамыз. Себебі оқушылар құқықтық жағдаяттарды нақты заңнамалардағы баптарға талдау жүргізе отырып шешеді. Бұл оқушылардың біріншіден, заңдарды жетік білуіне, екіншіден, өз бетінше білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бүгінгі күні қоғамда құқықпен байланысты проблемалар жиі кездеседі. Оқушылар сол проблемаларды заңдарға талдау жасай отырып, шешу жолдарын өздері іздейді.
2. Құқық негіздері пәнін оқытуда әртүрлі әдістемені қолдану арқылы бүгінгі қоғамдағы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар, заңға деген сенімсіздік, буллинг пен кибербуллинг, теріс жолға түсу мәселелерімен күресуге және олардың алдын алуға ықпалдасуға болады.
3. Университеттердің әдіскер ғалымдары «Құқық және экономика негіздері» мамандығын даярлау мақсатында әдістеменің қазіргі өзекті мәселелерін орта білім беру ұйымдарында апробациядан өткізу үшін мектеп педагогтерімен бірлескен жобалар әзірлеуді ұсынамыз.

Қорытынды

Интербелсенді оқыту технологиясында оқушылар білімді өздігімен игере отырып, ізденіс қабілетін дамыта алады. Оқыту технологиясының ерекшелігі – оқушыларға білім дайын түрде берілмейді, керісінше, проблемалық түрде ұсынылады. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін ашуға және оқушылар арасында диалогтық қарым-қатынастың орнауына жағдай жасайды [6, 60-62]. Интербелсенді оқыту технологиясын «Құқық негіздері» пәнінде қолданудың тиімділігі – аталған пәннің мектептердегі маңыздылығы мен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады әрі қоғамдық өмір аясын заң тұрғысында реттеу жолдарын түсініп, құқықтық сананың қалыптасуына оң ықпал етеді. Азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыруда мемлекет құқықтық тәрбие мен білім беруді басты стратегиялық бағыттардың

бірі ретінде ұстануы еліміз үшін өте пайдалы болары сөзсіз.

Қолданылған деректер тізімі

1. Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық – Астана: Фолиант, 2007. – 171-176
2. Ахметов А.С. Проблемы типологии правовой культуры // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2014. - №2 (70). 2014. С. 30-31.
3. М.Ж. Қалшабаева «Құқықтық сана мен құқықтық мәдениет танымдық құқықтық категориялар ретінде» // <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Kalshabaeva0513.pdf>
4. Ағыбаев А.Н. Құқықтық мемлекетке білімді заңгерлер керек // «Заң» республикалық құқықтық ғылыми-практикалық журналы. - 2019. - №5. - Б. 15-20.
5. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқу құралы. / Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2013. Б.152-155
6. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. Б. 60-62

● ПУТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ПО ПРЕДМЕТУ «ОСНОВЫ ПРАВА» ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Дарибай Г.С.

Специализированный лицей №24 имени Мухтара Арына, г.Талдықорған

Аннотация. В данной статье автор анализирует значение правового воспитания и обучения в повышении правовой культуры обучающихся, рассматривая мнения отечественных и зарубежных ученых в раскрытии значения понятия правовая культура. Особую роль в правовом обучении играет преподавание предмета «Основы права». Если эффективно будем использовать интерактивные методы обучения по предмету «Основы права», это будет положительно способствовать повышению активности и правосознания обучающихся. При этом автор на основе своего педагогического опыта раскрывает практическую значимость использования современных интерактивных методов в преподавании предмета основы права.

Ключевые слова: правовая культура, правовое образование, правовое воспитание, интерактивность, метод.

● **WAYS TO USE MODERN INTERACTIVE METHODS IN THE SUBJECT «FUNDAMENTALS OF LAW» TO IMPROVE THE LEGAL CULTURE OF STUDENTS**

Daribay G.S.

Specialized Lyceum No. 24 named after Mukhtar Aryn,
Taldykorgan

Abstract. In this article, the author analyzes the importance of legal education and training in improving the legal culture of students, considering the opinions of domestic and foreign scientists in revealing the meaning of the concept of legal culture. A special role in legal education is played by teaching the subject of fundamentals of law. If we effectively use interactive teaching methods in the subject "Fundamentals of Law", this will positively contribute to increasing the activity and legal awareness of students. At the same time, the author, based on his teaching experience, reveals the practical significance of using modern interactive methods in teaching the subject of fundamentals of law.

Keywords: legal culture, legal education, interactivity, method.

FTAMP 14.25.09

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТӘСІЛІ

Құлтасова С.Н.

Алматы қаласы Алатау ауданының №149 ЖББМ

Аңдатпа. Бұл мақалада біз бастауыш мектептердің оқыту тәжірибесіндегі интеграциялық әдістің өзектілігін зерттейміз. Әртүрлі оқу пәндерін интеграцияландыратын бұл әдіс кіші жастағы оқушыларға пәндер арасында байланыс орнатуға және білімді күнделікті іс-әрекетте қолдануға мүмкіндік береді. Математика, әдебиет және жаратылыстану сияқты пәндерді интеграциялаудың нәтижелі әдістеріне назар аударылады. Оқыту үдерісін оқушыларға қызықты әрі тиімді ету үшін бастауыш сынып мұғалімдеріне интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар да берілген. Бұл тәсілдің маңыздылығы балалардың ақпаратты оқшауламай, интеграцияланып берілгенде жақсы меңгертетінін көрсететін көптеген зерттеулермен расталады. Сонымен қатар интеграцияланған тәсіл сыни тұрғыдан ойлау мен проблеманы шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ мақалада бұл әдіс көптеген жылдар бойы сәтті қолданылып келе жатқан шетел мектептерінің тәжірибесінен мысалдар қарастырылады.

Түйінді сөздер: интеграцияланған тәсіл, бастауыш мектеп, пәнаралық оқыту, педагогикалық әдістеме, жүйелі түсінік.

Кіріспе

Бастауыш білім беруде оқушыларды дәстүрлі пәндік шекарадан асатын біртұтас дағдылармен қаруландыру қажеттілігінен туындайтын трансформациялық өзгерістер жүріп жатыр. Бұл түрлендірудің орталық бөлігі қазіргі білім беру орталарында ерекше назар аударған әдіс – оқытудың интеграцияланған тәсілі болып табылады. Әртүрлі академиялық пәндерді интеграцияландыратын бұл әдіс жас оқушыларға білімнің күрделі бейнесін қабылдаудың бірегей мүмкіндігін ұсынады, бұл оларға пәндер арасындағы қарым-қатынастарды анықтауға және осы синтезделген түсінікті нақты әлем көрінісіне қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің жаңалығы оның оқушыларда байқалатын когнитивтік дамудың үлгілерімен сәйкес келуінен туындайды. Бастауыш мектеп оқушылары өздерінің шексіз қызығушылықтарымен ерекшеленеді, инстинктивті түрде әртүрлі білім үзінділері арасындағы байланыстарды жасайды. Біріктірілген әдістеме ақпаратты жеке бөлімдер ретінде емес, өзара байланысқан білім желілері ретінде бейнелей отырып, осы туа біткен бейімділікті қолданады. Мысалы, математикалық тұжырымдаманы әдеби баяндаумен оңай біріктіруге болады, бұл оқушыларға екі саланы да тереңірек және контекстік түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылар есте сақтау қабілеттерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар са-

раптамалық талдау және проблемаларды шешу қабілеттерін дамытады, бұл біздің заманымыздың қыр-сырын меңгеру үшін маңызды.

Интеграцияланған тәсілдің өзектілігі теориялық талқылаулардан асып түседі. Көптеген дүниежүзілік білім беру мекемелері бұл әдісті қолданып, оқушылардың үлгерім көрсеткіштерін жақсаруын байқады. Олардың саяхаттары осы әдістеменің тиімділігін көрсетеді және ұқсас тактикаларды біріктіруге ұмтылатын педагогтер үшін баға жетпес нұсқаулар береді.

Оның үстіне бұл тәсілде қолданылған педагогикалық әдістер ерікті емес, ауқымды зерттеулер мен табысты тәжірибенің нәтижесі болып табылады. Олар оқу тәжірибесін тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар қызықты етіп, оқушылардың білім беру саяхатының белсенді қатысушылары болуын қамтамасыз етуге арналған. Мұның пайдасы сан алуан. Оқушылар ақпаратты жақсы сақтап қана қоймайды, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау мен проблеманы шешу дағдыларын, қазіргі күрделі әлемде маңызды құзыретті дамытады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – бастауыш білім беру траекториясын қайта анықтаудағы оның трансформациялық әлеуетін ашып көрсете отырып, интеграцияланған оқыту тәсілінің қыр-сырын ашу. Біздің міндеттерімізге оның артықшылықтары мен практикалық қолданулары туралы жан-жақты түсінік беру үшін эмпирикалық зерттеулер мен нақты әлем мысалдарынан алу кіреді.

Әдістеме

Бастауыш мектептерде кешенді әдісті сәтті қолдануда әдістеме басты рөл атқарады. Олар оқу жоспарын құруға, оқыту әдістеріне және оқу нәтижелерін бағалауға негіз болады.

Интеграцияланған тәсіл жайлы. Интеграцияланған тәсіл бірнеше оқу пәндерін бір сабақ немесе оқу модулі аясында интеграциялауды қамтиды. Бұл оқушыларға

әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды көруге және бір саладағы білімді басқа салада қалай қолдануға болатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Интеграцияланған оқытудың принциптері:

- ▶ Оқушылар дауысы: оқушылар оқуға тақырыптарды таңдау және сұрақтар қою арқылы оқу процесіне белсенді қатысады.
- ▶ Нақты өмірлік контекст: білім мен дағдылар нақты өмір контекстінде ұсынылады, бұл оқуды мазмұнды етеді.
- ▶ Икемділік: Мұғалімдер оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына қарай бейімдейді.

Оқыту әдістері:

Интеграцияланған оқыту материалды терең түсінуді және оқушылардың құзыреттіліктерін дамытуды қамтамасыз ету үшін оқыту әдістеріне ерекше көзқарасты талап етеді. Міне, осы контексте жиі қолданылатын бірнеше негізгі әдістер:

- ▶ Жобалық оқыту. Оқушылар әртүрлі пәндер бойынша білімді интеграциялайтын нақты жобалармен жұмыс істейді. Бұл ғылыми жоба, өнер жобасы немесе тәжірибелік жоба болуы мүмкін. Мысалы: биология, география және өнер білімдерін интеграциялау арқылы экожүйе моделін құру. Жобалық оқытудың артықшылықтары топтық жұмысты, сыни тұрғыдан ойлауды және проблемалық оқыту дағдыларын дамытады.
- ▶ Тақырыптық сабақтар. Бір тақырып немесе тұжырымдама төңірегінде бірнеше пәнді интеграциялайтын сабақтар. Мысалы: тарих, әдебиет және өнер арқылы ежелгі өркениеттерді зерттеу өте тиімді болып табылады. Бұл әдістің артықшылығы оқушыларға әртүрлі пәндер арасындағы байланысты көруге көмектеседі және оқуды қызықты етеді.
- ▶ Зерттеу тапсырмалары. Оқушылар әртүрлі пәндерден алынған білімді

пайдалана отырып, нақты сұрақтарды немесе мәселелерді зерттейді. Мысалы: климаттың өзгеруінің себептері мен салдарын зерттеу, ғылымды, географияны және әлеуметтануды интеграциялау жолы болып табылады. Осы әдістің артықшылығы өз бетінше білім алуды қолдайды және зерттеу дағдыларын дамытады.

- Кейс-әдісі. Әртүрлі пәндерден алынған білімді пайдалана отырып, нақты жағдайларды немесе мәселелерді талдау осы әдіс негізі болады. Мысалы: экономикалық дағдарысты тарих, экономика және әлеуметтану аясында терең талдау және қарастыру болып табылады. Оның артықшылығы сараптамалық талдау дағдыларды дамытады және теориялық білімді практикада қолдана алады.
- Пікірталас арқылы оқыту. Тақырыпты немесе мәселені әртүрлі көзқарастар мен пәндер бойынша белсенді талқылау. Мысалы: экономика, мәдениет және саясатты ескере отырып, жаһандану мәселесін талқылау. Артықшылықтары: коммуникативті дағдыларды және ақпаратты сыни бағалау қабілетін дамытады.

Бұл әдістер оқушылардың нақты оқу мақсаттары мен қажеттіліктеріне байланысты бейімделуі және интеграциялануы мүмкін. Интеграцияланған оқытудың кілті оқушылар әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды көре алатын және алған білімдерін әртүрлі контексте қолдана алатын оқу ортасын құру болып табылады.

Интеграцияланған оқытудағы бағалау дәстүрлі бағалаудан ерекшеленеді. Ол жай ғана фактілерді есте сақтау емес, оқушылардың алған білімдерін әртүрлі контексттерде қалай қолданатынына назар аударады. Портфолио, жобалар, презентациялар және рефлексия сияқты әдістер қолданылады.

Интеграцияланған оқытудың артықшылықтарына материалды терең түсіну, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту және проблеманы шешу дағдылары жа-

тады. Дегенмен, бұл тәсіл оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін бейімдеу қажеттілігі сияқты белгілі бір қиындықтарды да тудырады.

Практикада қолдану

Интеграцияланған оқыту технологиясын сынақтан өткізуді біз №149 жалпы білім беретін мектептің 4 «И» сыныбында жүргіздік. Интеграцияланған оқыту тәсілін енгізбес бұрын, кішігірім сауалнама өткіздік (қосымша-1). Сол сауалнама негізінде біз оқушылардың әдебиет сабағында шамалы өзгешеліктің қалайтынын байқайдық. Сауалнама қатысушылардың 8 сабақтар қызықты өтеді деп белгілесе, қалған 16 оқушы сабақтардың түрлі болғанын қалайтынын айтты (қосымша-2).

Бастауыш мектеп тәжірибесінде кешенді тәсілді қолдану мұқият жоспарлауды, икемділікті және жаңашылдыққа дайындықты талап етеді. Біз өз практикамызда әдебиеттік оқу сабағын жаратылыстану арқылы интеграцияландыруға болатынын дәлелдегіміз келді. Сол себепті сабақтың тақырыбы ретінде «Туған жердің таулары» атты тақырып таңдап алдық. Сабақтың мақсаты ретінде шығармада берілген аймақтар мен өңірлердегі тауларды картада тауып, сол жерлердің ерекшеліктерін анықтап, табиғи сұлулықтың жазушыға (ақынға) қалай әсер еткенін түсіну деп алдық.

Белсенді оқыту арқылы топтық жұмыстар туралы айтсақ. Оқушыларды шағын топтарға бөліп, оларға әртүрлі пәндерден алған білімдерін қолдануды және бірлесіп жұмыс істеуді талап ететін тапсырма беріледі. Біз өз кезегімізде оқушыларға келесідегідей тапсырма бердік: Мұқағали Мақатаевтың «Таудай болғым келеді» өлеңін алып, оқушыларға жаттатып, сол шығарма қалай пайда болуы мүмкін, және ақынға қай таулардың әсері болуы мүмкін, туған жерін зерттеу немесе осы өлең жазылған жылын интернет желісі арқылы анықтап, сол кезде ол қай өңірде болды, сол өңірдегі таудың осы өлеңді жазуына ықпалының ықтималдылығын анықтау деп топтық тапсырма ұсындық.

Сонымен қатар зерттеу жобалары әдісінде интеграцияланған тәсілде қолдану тиімді болады. Зерттеу жобалары алуан түрлі болды, бір топ ақынның туған өлкесі Қарасаз ауылын зерттесе, біреуі оның Көкшетауда болған кезін зерттеді.

Интерактивті құралдар арқылы біз тақтаға Қазақстан картасын шығарып қойдық. Сол картадан оқушыларға «Қазақстан таулары» атты Айбатыр Сейтақтың өлеңінде берілген тауларды анықтауға мүмкіндік бердік (қосымша-3).

Келесі үзіндіде Алматы қаласындағы Алатау берілген:

*Әр ауылы - ән отау,
Жетісу - жер жаннаты.
Асқарлы Алатау
Құшағында - Алматы.*

Виртуалды дала саяхаттары атауымен теориялық білімді практикалық тәжірибемен толықтыру үшін таулы мекендерге саяхат ретінде видеороликтерді көрсеттік. Осы арқылы оқушылардың Қазақстан өлкесіне деген қызығушылығын арттыра білдік деп ойлаймыз.

Оқушыларға аталған тауларды жоба ретінде бөліп бердік, яғни олар осы өлеңде берілген үзінділерді жаттап, талдап және шағын презентация ретінде қолданудың үлгісін жасауды үй тапсырмасы ретінде бердік. Өздері таңдаған тақырыпты тереңірек зерттеуге мүмкіндік беретін қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін жобалармен оқыту үрдісін топтық тәсілмен интеграцияладық.

Оқушыларды рефлексияға және өзін-өзі бағалауға ынталандырып, осылайша олар өздерінің жетістіктерін және жақсарту бағыттарын тани алатындай мүмкіндік жасадық.

Тұжырымдай келе, бастауыш мектептегі интеграцияланған тәсіл жоспарлауды, белсенді оқытуды, технологияны пайдалануды, бағалауды және мұғалімнің кәсіби дамуын қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Дегенмен, бұл әдіс дұрыс

қолданылған жағдайда оқушыларға, педагогтерге және ата-аналарға нақты пайда әкеледі деп есептеймін.

Бастауыш мектепте интеграцияланған топтық тәсілмен әдебиеттік оқуды жаратылыстану арқылы оқытуды енгізу уақыт пен күш-жігерді қажет етуі мүмкін, бірақ нәтиже ретінде ынталы, белсенді және құзыретті оқушыларды шығару тұрғандықтан, бұл тәжірибем өте пайдалы болып табылады.

Осы өткізілген тәжірибенің нәтижесінде оқушылардың 90% сабақтың қызықты өткенін, әдебиеттік оқуды жаратылыстанумен байланыстырғанын және картада тауларды іздеп тапқан тапсырма және топтық жобалар өте керемет оң әсері бар екендігін айтты (қосымша-4).

Ұсынымдар

Бастауыш мектепте интеграцияланған әдісті қолдану бойынша ұсыныстар:

- ▶ Бастауыш сыныптарында интеграцияланған әдісті қолдану жоғарыда айтылып өткендей, қиындық алып келуі мүмкін, сол себепті мұғалімдерге арнап алдын ала семинар немесе тренингтер өткізу керек.
- ▶ Әртүрлі пәндерді интеграциялау мүмкіндіктерін анықтау үшін ағымдағы оқу жоспарын қарап шығу қажет.
- ▶ Мультимедиялық материалдар, интерактивті қосымшалар және оқулықтар сияқты интеграцияланған тәсілді қолдайтын әртүрлі білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету міндетті.
- ▶ Мұғалімдердің, оқушылардың және ата-аналардың кері байланысы негізінде әдістер мен тәжірибелерді жүйелі түрде қарап шығу және жаңартып отырған жөн.
- ▶ Тәжірибе және озық тәжірибе алмасу үшін басқа мектептермен, университеттермен және білім беру ұйымдарымен серіктестік орнату керек.

Тұжырымдай келе интеграцияланған тәсілді сәтті қолдану жоспарлауды, дайындықты, ресурстарды және бағалауды қамтитын кешенді жұмысты қажет етеді. Дегенмен бұл әдісті дұрыс пайдаланған кезде бүкіл оқу үдерісіне айтарлықтай пайда әкеледі дей аламыз.

Қорытынды

Бастауыш мектептің қазіргі оқу-тәрбие процесінде интеграциялық әдістің өзектілігі күннен-күнге айқындала түсуде. Әртүрлі оқу пәндерін интеграциялау кіші жастағы оқушыларға пәндер арасында байланыс орнатуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оқу процесін қызықты және тиімді етеді.

Интеграцияланған тәсілді қолдану оқушыларға материалды тереңірек түсінуге, оның практикалық қолданылуын көруге және сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік береді. Білім алушыларға күрделі мәселелерді шешу, ақпаратты талдау және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Дегенмен бұл тәсілді сәтті жүзеге асыру үшін мұғалімдер тереңдетіп оқыту, оқу бағдарламаларын бейімдеу және сәйкес білім беру ресурстарын құруы қажет. Сондай-ақ интеграцияланған тәсілмен оқытуда көп жылдар бойы қолданылып, тамаша нәтиже көрсетіп келе жатқан шетел мектептерінің тәжірибесін де ескерген жөн.

Қорытындылай келе бастауыш сыныптардағы интеграцияланған әдіс-тәсіл жай ғана сәнді үрдіс емес, білім сапасын арттырудың, оқушыларды дамытып, қазіргі заманның күрделі сын-қатерлеріне да-

йындаудың нақты құралы екенін атап өткім жөн. Біздің мақала мұғалімдерге, ата-аналарға және білім берумен айналысатын әрбір адамға пайдалы болады және педагогикалық тәжірибеде интеграцияланған тәсілді одан әрі дамытуға және жетілдіруге көмектеседі деген сенімдеміз.

Қолданылған деректер тізімі


1. **Antoniou P.** "A Dynamic Integrated Approach to teacher professional development: Impact and sustainability of the effects on improving teacher behaviour and student outcomes" Volume 29, January 2013, Pages 1-12
2. **Мавлонова Р., Рахмонкулова Н.** "Бастауыш оқытудың кіріктірілген педагогикасы" Т.: «Мұғалім», 2006 ж
3. **Savvidou C.** "An Integrated Approach to Teaching Literature in the EFL Classroom" The Internet TESL Journal, Vol. X, No. 12, December 2004 <http://iteslj.org/Techniques/Savvidou-Literature.html>
4. **Zellynne D.** Jennings-Wray, "Implementing the 'integrated approach to learning': Implications for integration in the curricula of primary schools in the Caribbean" [https://doi.org/10.1016/0738-0593\(84\)90012-9](https://doi.org/10.1016/0738-0593(84)90012-9)
5. **Хайтов А.** "Болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің педагогикалық қабілеттерін жетілдіруге керек тәсілдер" ISSN: 2581-4230, Website: journalnx.com, June 18th & 19th, 2020
6. <https://media.neliti.com/media/publications/341966-integrated-approach-to-improving-pedagog-8d14708a.pdf>
7. **Сагды Ч.Т., Дамба И.Н., Куулар Р.А.** "ИНТЕГРИРОВАННЫЙ ПОДХОД В ИЗУЧЕНИИ ПРЕДМЕТОВ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ" УДК 373.3
8. <https://cyberleninka.ru/article/n/integrirovannyi-podhod-v-izuchenii-predmetov-nachalnoy-shkoly>
9. **Мельник Э.Л.** Интегрированное обучение в начальной школе: Теория и практика. СПб.: КАРО, 2003.

Қосымша

Қосымша-1

Сауалнама				
Аты-жөні: _____	Туған күні: _____	Күні / Айы / Жылы	Сыныбы: _____	
Әдебиеттік оқу сабағы туралы				
НҰСҚАУЛЫҚ				
1-ден 5-ке дейінгі рейтингті таңдау арқылы келесі сұрақтарға жауап беріңіз, мұнда 1 мүлдем келіспеймін және 5 толық келісемін дегенді білдіреді.				
Мүлдем келіспеймін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын	Келісемін	Толық келісемін
1	2	3	4	5
1. Маған әдебиеттік оқу сабағында оқыған ұнайды.				
☐	☐	☐	☐	☐
2. Әдебиеттік оқу сабақтарында оқытудың интерактивті және жаңа әдістері көбірек болғанын қалаймын				
☐	☐	☐	☐	☐
3. Мен әдебиеттік оқу сабақтарында жұмыстың жаңа түрлерін (мысалы, топтық жобалар, рөлдік ойындар, т.б.) қолданып көргім келеді.				
☐	☐	☐	☐	☐
4. Біріктірілген (интеграцияланған) тәсіл әдебиеттік оқу сабағын қызықты әрі танымды ете алады деп ойлаймын.				
☐	☐	☐	☐	☐
5. Әдебиеттік оқуды басқа пәндермен (мысалы, жаратылыстану, математика) ұштастыратын жобаларды жасауға атсалысым келеді.				
☐	☐	☐	☐	☐
6. Мен әдебиеттік оқуда әдеби шығармаларда сипатталған аймақтар мен жерлерді жаратылыстану арқылы орналасқан жерін білгім келеді				
☐	☐	☐	☐	☐

Қосымша-2



Қосымша-3

Қазақстан таулары



Қосымша-4

САУАЛНАМА

Аты-жөні:

Жасы:

Сыныбы:

Әдебиеттік оқу сабағын
жаратылыстану сабағымен
интеграциялау

СҰРАҚТАР

РЕЙТИНГ

1 2 3 4 5

Өлеңді пайдаланып таулардың
орнын анықтағанда сабақта әдебиет
пен жаратылыстануды ұштастыру
сізге қаншалықты ұнады?



Әр топ жоба үшін тау таңдаған
кезде топтық жұмыс тәжірибесін
қалай бағалайсыз?



Жобаны дайындау барысында
жаңа өлең тудыру қаншалықты
қызықты болды?



Тауды суреттеп, өлең шығару керек
болған жобалық оқыту әдісін қалай
бағалайсыз?



Жалпы бұл сабақ сізге қаншалықты
ұнады?



Болашақта осындай тағы бір сабақ
өткіңіз келе ме?



КЕРІ БАЙЛАНЫС ҮШІН ҮЛКЕН РАҚМЕТ



● ИНТЕГРИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Култасова С.Н.

Общеобразовательная школа №149,
г.Алматы

Аннотация. В данной статье мы исследуем актуальность интегрированного подхода в педагогической практике начальной школы. Этот метод, объединяющий различные учебные дисциплины, позволяет младшим школьникам устанавливать связи между предметами и применять знания в повседневной деятельности. Основное внимание уделяется успешным методам интеграции таких дисциплин, как математика, литературное чтение и окружающий мир. Также представлены рекомендации для учителей начальных классов по организации интегрированных уроков, чтобы сделать процесс обучения более интересным и результативным для учащихся. Важность такого подхода подтверждается многими исследованиями, которые показывают, что дети лучше усваивают информацию, когда она представлена в комплексе, а не изолированно. Кроме того, интегрированный подход способствует развитию критического мышления и умения решать проблемы. В статье также рассматриваются примеры из практики зарубежных школ, где данный метод успешно применяется на протяжении многих лет.

Ключевые слова: Интегрированный подход, начальная школа, междисциплинарное обучение, педагогические методики, системное понимание

● INTEGRATED APPROACH TO PRIMARY SCHOOL EDUCATION

Kutasova S.N.

Secondary school No. 149,
Almaty

Abstract. In this article, we explore the relevance of an integrated approach in the pedagogical practice of primary schools. This method, which combines various academic disciplines, allows younger students to establish connections between subjects and apply knowledge in everyday activities. The main focus is on successful methods of integrating disciplines such as mathematics, literature reading, and the surrounding world. Recommendations are also provided for primary school teachers on organizing integrated lessons to make the learning process more interesting and effective for students. The importance of this approach is confirmed by many studies that show children better assimilate information when it is presented holistically rather than in isolation. Moreover, the integrated approach promotes the development of critical thinking and problem-solving skills. The article also examines examples from the practice of foreign schools where this method has been successfully applied for many years.

Keywords: Integrated approach, primary school, interdisciplinary learning, pedagogical methods, systemic understanding.

FTAMP 14.25.07

● БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қайыпбаева А.Т.Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы, Астана қаласы

Аңдатпа. Мақалада жобалау әдісін қолдана отырып, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолдары қарастырылады. Жобалық-зерттеу жұмысын жүйелі жүргізуге бағыт беру аясында жобаның жұмыс кезеңдері, құрастырылған жобаны ұсыну және қорғау ерекшеліктері, жобалау қызметінің нәтижелерін бағалау критерийлері сипатталған. Сонымен қатар «Құқық негіздері» пәні бойынша жобалық-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысты ұсынымдар берілген.

Түйінді сөздер: құқықтық сауаттылық, жобалық іс-әрекет, жобалау әдісі, зерттеушілік тәсіл.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру мақсаттарында басымдық өз тәжірибесі, қабілеті бар, ұтқыр, белсенді тұлғаны қалыптастыруға берілуде. Осыған байланысты оқу процесінде тиімді педагогикалық технологияларды жүйелі қолдану білім алушының зияткерлік, шығармашылық және тұлға ретінде дамуының маңызды шарты ретінде қарастырылуы маңызды.

Оқу бағдарламасына сәйкес мазмұнды меңгертуде білім алушыны тәуелсіз іс-әрекетке, өзін-өзі дамытуға, өзін болашақ мамандығында, қоғамда жүзеге асыруға қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруда жобалау іс-әрекеті маңызды рөл атқарады. Білім алушылардың жобалық және зерттеу іс-әрекеттерін дамытуда жүйелілікті қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады [1].

Жобалау әдісі білім алушының жеке басының қалыптасуына оң әсер ететін жүйе құраушы әдістердің бірі – оқу-тәрбие процесінің дербес құрылымдық бірлігі ретінде қарастырылады.

Жеке тұлғаның жобалық іс-әрекеті оқу шығармашылық жобаларын орындау барысында дамиды. Жобалық іс-әрекет процесінде білім алушылар тек құралдарды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір іс-әрекеттің әдістерін де үйренеді [2].

Білім алушылардың жобалық іс-әрекетін дамытуды қазіргі уақытта алған білімді күнделікті өмірде жиі қолдануды қажет ететін «Құқық негіздері» пәні аясында қарастыру маңызды. Өйткені жалпы білім беру ұйымдарында оқытылатын «Құқық негіздері» пәнінің негізгі міндеттері білім алушылардың құқықпен реттелетін әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық білімін қолдану, сын тұрғысынан талдау және қоғамда құқықтық қатынастармен

байланысты практикалық жағдаяттарды бағалау дағдыларын дамыту болып табылады. Құқықтық білімді меңгеру мектеп түлектерінің құқықтық мәдениетінің көрсеткіштерінің бірі әрі азаматтықты, патриотизмді, заңды мінез-құлықты және жалпы құқықтық белсенділікті қалыптастырудың негізі.

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда білім алушылардың жобалық іс-әрекетін дамытуға пәннің мазмұндық ерекшелігі де әсер етеді. Өйткені білім алушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыруда негізгі орта білім беру деңгейіндегі зерттеу сұрақтары, ал жоғары сыныптардағы жобалық-зерттеу жұмысы білім алушылардың алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді қолдануына мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктер жалпы білім беретін мектептерге арналған қолданыстағы оқу бағдарламаларының базалық мазмұнына кіріктірілген.

Атап айтқанда, негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Құқық негіздері» пәнінің тақырыптары:

- ▶ «Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?»,
- ▶ «Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?»,
- ▶ «Бала құқығы қалай қорғалады?»,
- ▶ «Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?» және т.б. сияқты проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған [3].

Тақырыптарды осылайша құрастыру білім алушыларды бірден ойландырады және оларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

Әдістеме

Оқу процесінде аталған проблемалық сұрақтарды зерделеу ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістерін оқу танымының барлық кезеңдерінде енгізу (қабылдаудан бастап практикада қолдануға дейін), оқу және оқудан тыс ізденістік-шығар-

машылық қызметті ұйымдастыруды қажет ететін зерттеу тәсілі негізінде жүзеге асырылады. Зерттеушілік тәсілі «педагог – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына, тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушылардың құқықтық мәселелер мен жағдаяттарға талдау жүргізу үшін сабақта құқықтық-нормативтік актілермен, заң түсіндірмелерімен және т.б. құқықтық деректермен жұмыс жүргізу дағдылары дамиды.

Бұл білім алушылардың 10-11-сыныптарда пән мазмұнына сәйкес идеядан бастап оны толық жүзеге асыруды көздейтін жобалық-зерттеу жұмысын жүргізуге дайындығын қалыптастырады. Білім алушылардың зерттеу сұрақтарын зерделеуі пәнді меңгертудің негізгі принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

«Құқық негіздері» пәні, біріншіден, өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетінің бастапқы іргетасын қалауға, екіншіден, кейіннен қандай қызмет түрін таңдаса да, барлық білім алушылар үшін өзімен өмір бойы бірге жүретін құқықтық қатынастарға уақытында дұрыс бағдарлану үшін негізгі білім беруге арналған. Оқыту мақсаттары негізінен практикалық дағдыларды, әсіресе әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде құқық нормаларын қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан оқу процесі білім алушылардың коммуникативтік, дәлелге негізделген пікірталас, өмірлік жағдайларды шешуде құқықтық нормаларды қолдана білу дағдыларын, жобалық іс-әрекетін дамытуға ықпал етуі тиіс.

Өйткені жобалық іс-әрекет нәтижелі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде және тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыруға негізделген іс-әрекеттің белсенді әдістері (жоспарлау, бол-

жау, талдау, синтез) арқылы білім беру процестерін ұйымдастыру тәсілі.

Жобалық әдіс тұлғаға бағытталған әдіс ретінде құқықтық білім берудегі гуманистік көзқарастың негізгі принциптерін:

- ▶ адамның даралығына, оның жеке ба-
сына ерекше назар аудару;
- ▶ білім алушылардың саналы түрде
сыни ойлауын дамытуға бағдарла-
нуын, айқындықты көрсетеді.

Жобалық іс-әрекетке оқытудың әртүр-
лі кезеңдерінде мұғалім оқу процесін
байытатын, білім алушылардың таным-
дық іс-әрекетіне ықпал ететін әдістер
мен тәсілдерді қолдана алады. Жоба-
лық іс-әрекет – ойын, танымдық, транс-
формациялық, кәсіптік, коммуникативті,
оқу-тәрбиелік, теориялық және практи-
калық іс-әрекет элементтерін синтездей-
тін оқу процесінің әртүрлі аспектілерін
– мазмұндық, процедуралық, коммуни-
кативті және т.б. үйлестіруді қамтамасыз
ететін әрекеттің интегративті түрі [4].

Практикада қолдану

Жобалық әдісті қолдану әсіресе, жалпы
орта білім беру деңгейінде (10-11 сынып)
өзекті болып табылады. Өйткені 10-11-сы-
ныпта «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны
білім алушыларға түрлі құқық салалары-
ның ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді
тереңдетеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні құқық норма-
лары, заңдар мен нормативтік құқықтық
актілер арқылы қамтамасыз етілетін про-
цестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қоры-
тындылау, талдау үшін білім алушылар-
дың қажетті құқықтық ойлау дағдысын
дамытуды қарастырады.

Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығар-
машылық, жобалық-зерттеушілік қабілет-
терін дамыту үшін қоғамдық-гуманитар-
лық бағытта әр тақырыптық бөлімнен
жобалық зерттеу жұмысы тақырыптары
берілген. Сондықтан педагогтің жоғары
сыныпта осы тақырыптар көлемінде зерт-
теу жұмыстарын ұйымдастыруы маңызды

болып табылады. Жобалық-зерттеу тақы-
рыптары жалпылама берілген.

Мысалы, «Қазақстан Республикасы жер
кодексі, жерге меншік және пайдалану
құқығы мен басты қағидаларының қазіргі
кезеңдегі өзектілігі мәселелері»;

- ▶ «Азаматтық құқықтағы сату-сатып алу,
жалға беру және сақтандыру келісім-
шарттарының жасалу шарттары, та-
раптардың міндеттері»;
- ▶ «Авторлық құқықты заңмен қорғау-
дың мемлекеттің көпсалалы дамуы
үшін стратегиялық маңыздылығы»;
- ▶ «Еңбек құқығының тарихи эволюция-
сы мен қазіргі бекітілген қағидалары»;
- ▶ «Кәмелетке толмағандардың қылмыс-
тық ісін жүргізудің басты ерекшелік-
тері мен ережелері»;
- ▶ «Алқа билер соты ұғымының әлемдік
және қазақстандық тәжірибедегі ала-
тын орны мен тиімділігі»;
- ▶ «Әкімшілік құқық бұзушылық бойын-
ша сот үкімдерінің қоғамдық тәртіпті
реттеу қызметі»;
- ▶ «Қазақстанның халықаралық құқықтық
кеңістіктегі мүмкіндіктері мен міндет-
тері»;
- ▶ «Халықаралық адам құқығы бойын-
ша заңнамалық актілер негізінде Қа-
зақстан Республикасындағы еңбек
құқығын талдау» және т.б [5].

Білім алушылар осы берілген тақырып-
тардың шеңберінде түрлі мәселелерді
қарастыра алады.

Жобалық зерттеу жұмысын жүргізудің
мақсаты: теориялық материалды зерттеу
тақырыптарының жеке аспектілері бо-
йынша жүйелеу, терең талдау жасау және
жалпылау. Осы сабақтар барысында білім
алушылар жеке, жұпта немесе топтарда
тақырыптық бөлімнің тоқсанда зерттел-
ген аспектілердің бірі бойынша зерт-
теу жүргізеді. Зерттеу тақырыбын білім
алушылар тоқсан бойы таңдай алады.

Сонымен «Құқық негіздері» пәні бойынша
10-11-сыныптағы әр тоқсанның соңындағы

жобалық-зерттеу жұмысы – бұл шағын жобалық жұмыс, жұмысты жүзеге асыру барысында білім алушылар келесі зерттеу дағдыларын көрсетеді:

1. Зерттеу мәселесін (тақырыбын) анықтау және тұжырымдау.
2. Зерттеу жоспарын жасау (оның кезеңдері).
3. Зерттеудің гипотезасын, мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау.
4. Тиісті зерттеу әдістерін таңдап, қолдану.
5. Алынған ақпарат көздерін (әдебиетке, электрондық көздерге сілтеме) көрсете отырып, зерттеу жобалық тақырыбы бойынша теориялық (сандық және сапалық) материалды іріктеу және жүйелеу.

6. Бірлескен жұмыстың барлық кезеңдерінде зерттеудің басқа қатысушыларымен ынтымақтасу.

7. Зерттеудің басында ұсынылған гипотезаны растайтын немесе жоққа шығаратын қорытынды жасау.

8. Өз жұмысын сыныптастарының алдында таныстыру.

9. Орындалған жұмыс бойынша өзін-өзі бағалауды және сыныптастарының жұмысын өзара бағалауды жүргізу.

10. Жүргізілген жобалық-зерттеу жұмысын жетілдірудің мүмкін жолдарын немесе алынған теориялық тұжырымдарды практикада қолдану мүмкіндіктерін белгілейді.

Жобалық зерттеу жұмысын орындаудағы білім алушы мен педагогтің **ұстанымдары:**

Білім алушы, білім алушылар тобы	Педагог
Жобалық зерттеу жұмысының тақырыбы мен мақсатын анықтайды.	Білім алушыларға жобалық зерттеу жұмысының тақырыбы мен мақсатын анықтауға көмектеседі
Өзі үшін жаңа білім мен танымдық іс-әрекет тәсілдерін ашады	Зерттеу қызметін ұйымдастыру тәсілдерін, ақпарат алудың дереккөздерін ұсынады.
Белгіленген кезеңдерге сәйкес зерттеу жұмыстарын жүргізеді.	Бақылайды, сұрақтарға жауап береді, зерттеу жұмыстарын жүргізудің мүмкін формалары мен тәсілдерін ұсынады.
Туындайтын мәселелерді шешуді іске асырады	Білім алушылардың белсенділігін көрсетуге жағдай жасайды.
Субъектінің іс-әрекеті	Білім алушылардың серіктесі
Жобалық зерттеу жұмысына жауапкершілікпен қарайды	Нәтижелерді ұсыну формасын таңдауға көмектеседі
Орындалған жұмыстың қорытындысы туралы сынып алдында есеп береді. Сыныптастарының жұмыстарын талқылауға және бағалауға қатысады.	Нәтижені бағалауға, зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар жасауға көмектеседі.

Осы ұстанымдарға сәйкес оқу процесінде педагог білім алушылардың танымдық және практикалық іс-әрекеттерінде олардың шығармашылық қабілеттерін

барынша ынталандыра отырып, жауаптар мен шешімдерді өз бетінше іздеуді талап ететін міндеттерді құруы маңызды [6].

Ұсыныстар

Сонымен білім алушылар жобалық-зерттеу тақырыбы бойынша өз бетінше, бір тоқсан көлемінде жұмыс жүргізеді. Қажет болса, олар мұғалімге сұрақтар қоя алады. Білім алушылар жобалық-зерттеу жұмысын орындау кезінде:

- ▶ жұмысты ғылыми зерттеу логикасына сәйкес құрылымдайды;
- ▶ зерттеу объектісі мен пәнін анықтап, өзектілігін дәлелдейді;
- ▶ жобалық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін, зерттеу гипотезасын тұжырымдайды;
- ▶ зерттеу әдістерін анықтап, ақпарат көздерін нақтылайды;
- ▶ зерттеу әдістерін таңдап, мәселелерді шешу жолдарын анықтайды;
- ▶ жаңа тәжірибені игереді,
- ▶ жобаны ұсынылған үлгіге сәйкес ресімдейді.

Зерттеу нәтижелерін ресімдеу нысандары зерттеу туралы жазбаша есеп, презентация, баяндама және т.б. болуы мүмкін.

Жобалық-зерттеу жұмысына бөлінген қорытынды сабақта білім алушылар өз жұмыстарын сынып алдында таныстырады, талқылайды, бір-біріне сұрақтар қояды, толықтырулар мен нақтылаулар енгізеді.

Жоба нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру барысында жобалық-зерттеу жұмысын қорғаудың сапасы (тапсырманы ұсынудың нақтылығы мен айқындылығы; пайымдаудың сенімділігі; дәлелдеудегі жүйелілік; логикалық және өзіндік ерекшелік); жобаның көрнекі көрінісінің сапасы (суреттерді, сызбаларды, графиктерді, модельдерді және көрнекі презентацияның басқа құралдарын пайдалану); жазбаша мәтіннің сапасы (жоспарға сәйкестігі, жұмысты ресімдеу, баяндау сауаттылығы); қарым-қатынас дағдыларының деңгейі (қойылған сұрақтарға жауап беру, өз көзқарасын дәлелдеу және қорғау, пікірталасқа қатысу) бағаланады.

Жобалық іс-әрекет нәтижелерін бағалау кезінде оқу жобасының негізгі критерийлері алынған нәтиженің қолданбалы сипатына (күнделікті өмірлік жағдайларды құқықтық тұрғыдан шешуге әсеріне), яғни бұл нәтиженің мәлімделген мәселені шешудегі тиімділігіне назар аудару қажет.

Орындалған жобалық зерттеу жұмысын қорғауды бағалау критерийлері:

- ▶ баяндаманың сапасы: жұмысты ұсындың толықтығы, тәсілдер, нәтижелер; дәлелділік көлемі; тақырып (немесе пән) бойынша білімі, эрудициясы, пәнаралық байланыстар бойынша білімнің көлемі мен тереңдігі;
- ▶ баяндамашының коммуникативтік бағыты: сөйлеу мәдениеті, мәнері, көрнекі құралдарды пайдалану, уақытты дұрыс пайдалану, аудиторияның назарын аудару;
- ▶ сұрақтарға жауаптар: толықтығы, дәлелдігі, тақырыпты және жобалық-зерттеу жұмысының күшті жақтарын ойдағыдай ашу үшін жауаптарды пайдалануға деген ұмтылыс;
- ▶ баяндамашының іскерлік және ерікті қасиеттері: жауапкершілікпен қарау, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу, пікірталасқа дайындық, шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеу қабілеті, ізгілік, байланыс.

Сонымен қатар білім алушылардың жобалық зерттеу әрекеті нәтижелерін бағалау олардың зерттеу жүргізу шеңберінде базалық жобалық іс-әрекетті қаншалықты көрсете алғанын ескеруі тиіс:

- ▶ мәселені, онымен байланысты мақсаттар мен міндеттерді түсіну;
- ▶ мәселені шешудің оңтайлы жолын анықтай білу;
- ▶ жоспарлау және жоспар бойынша жұмыс істеу қабілеті;
- ▶ жобалық идеяны іске асыру және оны нақты «өнім» түрінде рәсімдеу мүмкіндігі;

- іс-әрекет пен нәтижені, өзін-өзі бағалауды, топтағы қызметті өзара бағалауды жүзеге асыра білу.

Аталған критерийлер құқықты зерделеуде ерекше маңызды, өйткені дәл осы пәннің көмегімен білім алушының азаматтық ұстанымы, оның құқықтық мәдениеті, күнделікті өмірде кездесетін құқықтық жағдайда өз көзқарастарын қорғай білу дағдылары қалыптасады және нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, нақты дәлелі арқылы өз ойын жүйелі жеткізе алады.

Қорытынды

Жобалау технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасын көтеріп қана қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлады, мақсат қояды, қажетті нормативтік құқықтық актілерді, ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсынуды және дәлелдеуді, нәтижесін күнделікті өмірде кездесетін құқықтық жағдаяттарды шешуде қолдану тиімділігін, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, мәдениетін дамытуға бағытталған жобалық-зерттеу жұмысы жүйелі ұйымдастырылған жағдайда жоба практикалық зерттеу жұмыстарынан бастап болашақтағылыми жобаларға дейінгі іс-шаралардың кең ауқымын қамтуға жол ашады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z530>.
2. **Крылова Н.** Проектная деятельность школьников и педагога. // Народное образование. – 2015, №7.
3. Негізгі орта білім деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z209>.
4. **Чечель И.Д.** Метод проектов или попытка избавить учителя от обязанностей всезнающего. Директор школы. 2012. – 3с.
5. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z209>.
6. **Гаджиева П.Д.** Метод проектов как творческая деятельность обучаемых по праву. Инновационная наука. 2015, №4. – 97с.

● ОСОБЕННОСТИ МЕТОДА ПРОЕКТИРОВАНИЯ В ПОВЫШЕНИИ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Кайыпбаева А.Т.

Национальная академия образования им Ы.Алтынсарина,
г.Астана

Аннотация. В статье рассматриваются пути повышения правовой грамотности обучающихся с использованием технологии проектирования. В рамках направления системного проведения проектно-исследовательской работы описаны этапы работы проекта, особенности представления и защиты составленного проекта, критерии оценки результатов проектной деятельности. Также даны рекомендации по проведению проектно-исследовательских работ по предмету «Основы права».

Ключевые слова: правовая грамотность, проектная деятельность, проектная технология, исследовательский подход.

● THE FEATURES OF THE DESIGN METHOD IN IMPROVING THE LEGAL LITERACY OF STUDENTS

A.T.Kayypbaeva

National Academy of Education named after Y.Altynsarina,
Astana

Abstract. The article discusses ways to improve the legal literacy of students using design technology. Within the framework of the direction of systematic design and research work, the stages of the project, the features of the presentation and protection of the compiled project, the criteria for evaluating the results of project activities are described. Recommendations on carrying out design and research work on the subject of «Fundamentals of law» are also given.

Keywords: legal literacy, project activity, project technology, research approach.

FTAMP 14.25.07

ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ЖАЗУ ЖОЛДАРЫ

Толукоңыр Ж.К.

«№15 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Семей қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары көрсетілген, ғылыми жоба жазуға дағдылану үшін әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы оқушының қызығушылығын, зерттеушілік қабілетін ашуға бағытталған тапсырмалар кешені берілген. Бағдарламаны жүзеге асыру арқылы ғылыми жоба байқауына кешенді дайындық жасауға болады. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары» атты авторлық бағдарлама жазылып, 5 жылдық нәтижелі жоба жұмыстарына жетекшілік барысында кейбір ортақ тапсырмаларды орындатуға болатынына зерттеу жүргізілген. Мақалада осы зерттеудің кейбір нәтижелері, атап айтқанда, ғылыми жобаның тәжірибелік бөлімін тиімді жазуға бағытталған тапсырмалар ұсынылған.

Түйінді сөздер: ғылыми жоба, тәжірибелік бөлім, оқушыны бағыттау, тиімді тапсырмалар.

Кіріспе

Тұлғаға бағытталған білім беру мен тәрбиелеу барысында оқушының өздігінен дамуына жағдай жасауымыз қажет. Мақаланың мақсаты – оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдарын ұсыну. Бұдан туындайтын міндеттер: оқушыларды ғылыми жұмыстарды жазуға баулу, оқушылардың ғылыми жоба жазуға икемділігін, қабілеттілігін айқындау, дамытудың әдістемелік тәсілдерін ұсыну, тәжірибелік тапсырмалар жүйесі арқылы оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жобалар байқауына кешенді дайындау, жетістіктерге жеткізу, жұмыстарының нәтижесін көру болып табылады.

Осы тақырып бойынша жазылған шетелдік әдебиеттерге тоқталатын болсақ, ағылшын әдістемесінде У.К. Бут, Г.Дж. Колумб, Д.М. Уильямстың 2004 жылы орыс тіліндегі аударма кітабы [1] және италиялық зерттеуші У. Эконың «Как написать дипломную работу. Гуманитарные науки» атты еңбегі (орыс тіліне аударған Е. Костюкович) Symposium, 2004 жыл [2], ресейлік ғалымдар Г.И. Андреев, С.А. Смирнов, В.А. Тихомировтың «Основы научной работы и оформление результатов научной деятельности: учебное пособие» [3] атты 2004 жылғы еңбегі, И.Н. Кузнецовтің 2012 жылы Мәскеуде жарық көрген «Научные работы: методика подготовки и оформления» [4] атты кітабын атап өтуге болады. Ал отандық еңбектерден 2012 жылы жарық

көрген Қ.О. Бітібаеваның «Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары» мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулығын [5], 2011 жылы Т.Р. Битуова, А.Т. Құлахметова, А.Е. Исакова «Ғылыми жобаны әзірлеу және қорғау бойынша әдістемелік құрал» [6] атты зерттеу жұмыстарын зерделеп шықтық.

Әдістеме

Білім беру парадигмасының өзгеруімен бірге жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, қабілет-дарын көздерін ашу, өзін-өзі тану проблемалары өзекті бола түсті. Қазіргі дәуірдегі Жаңа Қазақстан, ең алдымен, білімі, ғылымы, рухани байлығымен дараланады. «Ғылым – ғаламды танудың кілті болса, сол ғылымның негізі білімде жатыр. Ал білімнің негізі орта мектепте қаланады» [7,7]. Соңғы кездерде оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Оқушыларды ғылым әлеміне қалай әкелу керек, қалай жетелеу керек, оның тиімді жолдары қандай деген өзекжарды мәселелер ғалымдарды да, ұстаздарды да ойлы, жүйелі жұмыстарға жетелейді. Мектеп мұғалімінің бұл үдерістегі басты мақсаты оқушыларды дербес ойлауға, өз беттерімен еңбектенуге, өз беттерімен ізденуге, бір нәрсені өздерінше шеше білуге баулу болып табылады. Оқушылардың таным, ойлау белсенділіктерін дамытып, зерттеу, іздену жұмыстарына ынтасын арттырады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамыту – маңызды да күрделі мәселе. Балалардың ғылыми ізденіске деген ынтасын, белсенділігін, қажеттіліктерін оятудың тиімді жолдары қандай деген сұрақтар бүгінде аса өзекті болып, күн тәртібінде тұр. Ұлы Абай қарасөзінде: «Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады», – дейді [8,210].

Оқушылардың «танысам», «білсем» деген балалық талпынысының өзі – ғылымға деген алғашқы ұмтылыстары. Оқушылардың таным, ойлау белсенділіктерін арттыру педагогика тарихындағы өмір-

шең сұрақ болып табылады. Оқушыларды ғылыми жұмыстарға баулу, іздену мен зерттеу жұмысына үйрету – осы өзекті проблемаларды шешудің бір жолы.

Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу тек дарын көзін ашып, жеке тұлғаның қасиеттерін дамытып қана қоймайды, ең бастысы егемен Қазақстанның өркениетті елдер қатарына көтерілуінің де кепілі болады. Адамның белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі дәрежесіне жетуінде білім, ғылым шешуші күш атқарады.

Соңғы кездері оқушылардың ғылыммен айналысуына, оның ішінде ғылыми жоба қорғауына ерекше көңіл бөлінуде. Ғылыми жоба Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы бекіткен арнайы ереже, нұсқауды басшылыққа ала отырып жазылады, жарыстарға ұсынылатын ғылыми жоба мен оларды рәсімдеуге қойылатын талаптарды басшылыққа ала отырып дайындалады [9,4]. Қалай жазу керек, неден бастау керек деген басты сұрақтарға жауап беретін әдістемелік нұсқаулар, зерттеу еңбектер де бар [5, 6].

Ғылыми жоба жазғызу, оқушылардың зерттеген, ізденген тақырыптарын ғылыми жобаға дейін жетелеу – күрделі үдеріс. Барлық ізденістер, зерттеулер ғылыми жоба деңгейіне жете алмайды, ол міндет емес. Бірақ ғылыми жоба жазуға бейімдеу ол пән мұғалімінің міндеті деп ойлаймын. Осы орайда, ғылыми жоба жұмысын жазуға қалай бейімдеуге болады, – деген заңды сауал туындауы мүмкін.

Оқушылардың дарындылығын дамытуда, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпыну қасиеттері балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Бірақ дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады. Демек, ғылыми жұмысқа жетекшілік ететін ұстаз баланың зерттеушілік қабілетін танып қана қоймай, оған бағыт-бағдар беруі керек.

Ғылыми жоба дегеніміз не? Жоба – грек тілінен аударғанда бұл зерттеу жолы, яғни арнайы үлкендердің басшылығымен ұйымдастырылып және балалардың кешенді әрекеттерімен дербес орындалып, шығармашылық жұмысты жарыққа шығарғанда қорытындыланатын жұмыс.

Жобалау әдісі – жүйелі оқыту, балалар жоспарлау процесінде және тәжірибелі жобалау тапсырмаларын үнемі күрделендіре орындайтын білімге ие болады. Жобалау әдісі оқушыларға үнемі әлдеқандай тапсырмаларды шешуге бағдарлап отырады.



Зерттеу жұмысының жоспарын құру бұл тақырып бойынша жұмыс жасауға және зерттеудің басында қойылған тапсырмаларды шешуге жол көрсетеді. Ғылыми жобаны жазудың әрекеттері:

1. Ой шақыру.
2. Гипотеза жасау.
3. Топтастыру.
4. Әрекеттердің тізімін жасау.
5. Зерттеу жұмысына материалдар іздеу, материалдарды әзірлеу.
6. Сұрақ қою.
7. SMART мақсат және критерийлермен жұмыс жасау.

Енді әрқайсысына кеңірек тоқтала кетейік.

1. Ой шақыру

Ой шақыру – тақырыпқа қатысты ойға келген барлық идеялар мен әрекеттерді

жазу. Ұмытып қалмас үшін тақырыпшаларға топтастыру. Ретсіз болса да, барлық идеяларыңыздың бастауы осы қағаздан басталады.

2. Гипотеза жасау

Ғылыми жұмыстың маңызды сәтінің бірі – жаңа ой – пайым (идея) шығару және болжам (гипотеза) жасау. Жаңа, әлі белгісіз, бірақ өмірде кездесетін заңдылықты іздеу барысында ол туралы болжам жасайды, мүмкін ол дұрыс болып шығар, мүмкін, жалған да болар. Гипотеза – ғылыми болжау, ғалым жұмысының айырылмас серігі. Нағыз ғалым өз жұмысын қиялсыз жасай алмайды. Қиялсыз, тапқырлықсыз, жаңа ой-пайым табу қабілетінсіз ғалым табысқа жетуі мүмкін емес. Жалаң грамматиканы игеріп, поэманы жазу мүмкін еместей, жаңа логика төзімділік пен еңбекқорлықсыз жаңа ой-пайым тудыра алмайды. Гипотезаны құру – ғылыми шығармашылық дамудың заңды кезеңі.

Жаңа идеяларды ұсыну және гипотеза жасауда сауатты болу үшін ғылыми көріпкелдік қажет. Ал ол тек қана ғылыми білімге сүйенген жағдайда болуы мүмкін. Тұспалдау мүмкіндігі ғылымның құбылыспен заттардың арасындағы байланысты реттеуі, ауық-ауық қайталануын орнықтыру мәнінен туындайды.

3. Топтастыру

Жиналған ақпараттарыңызды немесе идеяларыңызды мазмұнына, қолданысына т.б. қасиеттеріне қарай топтастырып қойыңыз. Ол негізгі бөлімнің тақырыбын анықтауға өте тиімді.

4. Әрекеттердің тізімін жасау

Күнделікті негізге ала отырып, апта немесе ай бойындағы қандай жұмыс атқаратыныңызды алдын ала жоспарлау.

5. Зерттеу жұмысына материалдар іздеу, материалдарды әзірлеу

Зерттеу жұмысына қатысты материалдарды іздеу көздері: зерттеу жұмыстары, мақалалар, академиялық басылымдар, ғаламтор желісінен алынса сілтемелер, әдеби шығармалар, газет-журналдар т.б. Зерттеу жұмысына материалдарды әзірлеу: картотека жасау, сауалнама жүргізу, диагностика жасау, статистикалық мәліметтерді іріктеу, ерекшелігін зерттеу, өзге шығармалармен салыстыру, топтастыру, жіктеу т.б.

6. Сұрақ қою

Әрбір бөліміңізге қатысты өзіңізге сұрақ қою арқылы ізденісті жалғастыру. Мен бұл бөлімді не себепті қарастырып жатырмын? Бөлімдер арасында байланыс бар ма? Негізгі бөлімнің мазмұнына сай келе ме?

7. SMART мақсат және критерийлермен жұмыс жасау.

Specific. Осы мақсатқа жетуге арналған жобаның бір бөлігін іске асыру нәтижесінде нақты не алу керек екендігі туралы нақты ақпараттар бар ма?

Measurable. Біз жобаның нәтижелерін және оның жеке бөліктерін көре және өлшей аламыз ба?

Achievable. Қолда бар ресурстарды ескере отырып, мәлімделген мақсатқа қол жеткізуге бола ма?

Relevant. Жоба командасының мақсатқа жетуі нәтижесінде қандай табыстарға жетеміз?

Time bound. Осы мақсатқа жету үшін қанша уақыт бөлінеді? Мақсатқа жетудің нақты күні белгіленді ме?

Жоба мақсаты да SMART қағидаларына сәйкес жүзеге асырылуы керек



Практикада қолдану



Жоба жұмысын жазуда оқушыны теориялық біліммен қаруландырып болғаннан кейін, алған білімін тәжірибеде қолдану үшін оқушыға тапсырмалар беріледі. Ол тапсырмалар жоба бөліктерін құраудың алғышарттары іспеттес болмақ. Әр оқушыға қызығушылығы мен таңдалған тақырыбы бойынша әртүрлі тапсырмалар комбинациясын ұсынуға болады. Сол себепті барлық ғылыми жобаға бірдей қатып қалған тапсырмалар жүйесін бар деп айтуға келмейді. Өйткені әр жобаның зерттеу мақсатына жету үшін әртүрлі зерттеу әдістері (салыстыру, картотека жасау, сауалнама алу т.б.) қолданылады. Алайда 3 жылдық нәтижелі жоба жұмыстарына жетекшілік барысында кейбір ортақ тапсырмаларды орындатуға болатынын байқадым. Ендеше оқушымен жоба жұмысын жазу кезінде оған тек «оқыңыз, зерттеңіз» деп айтып, қызығушылығын арттыратын, ынталандыратын, нәтижесін жоба жұмысына пайдалануға болатын тапсырмалар беріп отыру қажет. Солардың бірнеше үлгілерін ұсынып отырмыз:

- ▶ «Миға шабуыл» әдісі бойынша тапсырма, ой салу.
- ▶ Графикалық мәтінмен жұмыс.
- ▶ Статистика жасау.
- ▶ Картотека теру.
- ▶ Тақырып таңдауда проблемалық сұрақтарға жауап.
- ▶ Зерттеу тақырыбы бойынша пайдаланатын әдебиеттермен жұмыс.
- ▶ Сауалнама жүргізу.
- ▶ 5 сұрақ әдісі. Қайда? Қашан? Не үшін? Не мақсатпен? Қандай нәтиже шықпақ?
- ▶ «Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісі.
- ▶ «2 Ұ» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ «+/-» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ «FILA» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ «Фишбаун» немесе «Балық қаңқасы» әдісі бойынша тапсырма.

- ▶ Концептуалдық кесте.
- ▶ «Ақылдың алты қалпағы» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ «Бес саусақ» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ «Сократ сұрақтары» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ «Қосжазба күнделігі» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ Класстер құру тапсырмасы.
- ▶ «Инсерт» әдісі бойынша тапсырма.
- ▶ Бұрын зерттеген зерттеушілердің пікірін ұсыну. Ал сенің ойың қандай болмақ?
- ▶ Ақпараттық жаңа заманауи бағдарламаларды қолдануға бағытталған тапсырмалар (Q KOD, plicerrr бағдарламасы, комикс құру бағдарламасы, 3 Д өлшемді туынды т.б.).
- ▶ Бөлімдер бойынша жұмыс тапсырмалары.
- ▶ Жоба бойынша презентация жасау.
- ▶ SWOT талдау жасау.
- ▶ SMART мақсат және критерийлермен жұмыс.
- ▶ Әрекеттер кестесі.
- ▶ Гипотеза ұсыну тапсырмасы.
- ▶ Топтастыру картасы.

«Миға шабуыл», ой салу тапсырмасы. Берілген суреттердің қандай байланысы бар деп ойлайсыз?

Тиімділігі: Болашақ жоба тақырыбын болжауға, оқушының тақырыпты анықтап, суреттер байланысын зерттеуге қызығушылығын арттыруға тиімді. Мысалы, осы суреттерді қалалық, облыстық, республикалық жоба жеңімпазы болған оқушым Жақсыбергенова Жанельге беру арқылы «Абай шығармаларындағы дене мүшелерінің контекстегі қолданысы» атты тақырыпты таңдады.



«Идеялар алаңы» тапсырмасы


Тиімділігі: ғылыми ойлау дағдыларын дамытады және шығармашылық ойлауға шақырады. Жобаға қатысты жаңа идеяларыңызды «идеялар алаңы» макетіне жазыңыз.

«FILA» әдісі бойынша тапсырма

Тиімділігі: Жоба бойынша тапқан фактілерді жинақтайды, осы фактілерге қатысты өз идеяларын жазады, идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін сұрақтар жазады және солармен жұмыс жасайды, проблеманы шешетін нақты жоба жасайды. Бұл да жоба тақырыбы бойынша зерттеушілік жұмыс жасаудың бір әдісі бола алады деп есептейміз.

Ой толғаныс:

FILA талдау кестесі арқылы берілген бір жағдаятты шешу



Сауалнама жүргізу

Тиімділігі: Зерттеу жұмысында «сауалнама жүргізу» әдісін пайдалану арқылы тәжірибелік жұмысты көрсетуге мол мүмкіндік ашылады. Мысалы, қазақ тілі пәнінен «Жасөспірімдердің арасында жаргон сөздерді қолдану ерекшелігі» атты тақырыпта зерттеу жұмысын жасасаңыз 7, 8, 9, 10, 11-сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізіп, сауалнаманың нәтижесін зерттеу жұмысына қоюға болады.

Ерекшелігі:

- Сауалнама ашық сауалнама, жабық сауалнама деп шартты екі түрге бөлінеді. Ашық сауалнамада сауалнамаға қатысушы аты-жөнін және өзі туралы

толық мәліметтерді ұсына отырып сауалнамаға қатысады. Ал жабық сауалнамада қатысушылар аты-жөнін және өзі туралы мәліметті көрсетпей-ақ қатыса алады.

- Сауалнаманың нәтижесі міндетті түрде есептелініп, шығарылуы қажет.
- Сауалнаманың нәтижесін кесте, диаграмма т.б. арқылы көрсеткен тиімді.
- Сауалнаманы қағаз нұсқада және электронды нұсқада алуға болады. Электронды сауалнаманы Гугл классрум бағдарламасы арқылы edu.google.com/products/classroom / немесе kahoot.com арқылы жасауға болады.

Тапсырма үлгісі:

Сауалнама жүргізу тапсырмасы					
Зерттеу тақырыбы	Сауалнама түрін таңдаңыз Ашық/ жабық	Сауалнама Өткізетін аудиторияны (жасөспірімдер, ересектер) таңдаңыз	Сауалнаманы өткізу формасын таңдаңыз online/offline, қағаз нұсқада/ google.com/products/classroom немесе kahoot.com бағдарламасы арқылы	Сауалнама сұрақтарын жазыңыз (кем дегенде 5 сұрақ)	Сауалнаманың нәтижесін шығарыңыз. Нәтижені диаграмма арқылы көрсетіңіз

«Mind Maps әдістерін пайдалану


Тиімділігі: ой жүйелігі, идеяларды ықшамдау, сұрыптау арқылы оқушы «Бұл

тақырыпты зерттеуде қандай нәтиже аламын?» деген сұраққа жауап табады.

Төменде кейбір карталардың үлгісін ұсынамыз.



Үлгісі:



Картотека теру

Тиімділігі: Өзі зерттеп отырған тақырып бойынша әдеби шығарманың тілдік, көр-


кемдік ерекшелігін талдау кезінде беруге болады.

Қарапайым картотека үлгісі:

Картотека				
Жоба бойынша зерттеу нысаны (көріктеуіш құралдар, концепт т.б.)	Кездескен шығарма атауы	Шығармадан үзінді	Қанша рет кездесті	Кітаптың баспасы, шыққан жылы, беті


«Ақпаратты диаграммаға түсір» немесе «Графикалық мәтін арқылы статистиканы беру» тапсырмасы.

Ақпаратты беру түрлері: мәтіндік, графикалық, дыбыстық, сандық болып бөлінеді. Ал сіздің қолыңызда мәтіндік ақпарат бар. Сол ақпаратты диаграмма түрлерінің біріне қойып графикалық ақпарат жасаңыз.



Тапсырма нәтижесі: оқушым Жақсыбергенова Жанель «Абай шығармаларындағы дене мүшелерінің контекстегі қол-

данысы» тақырыбына зерттеу жүргізіп, мынандай графикалық ақпарат жасады.



Абай шығармаларындағы дене мүшелерінің контексте қолдану саны

«Әр идея маңызды» тапсырмасы

Жоба тақырыбы	Аталған тақырыпқа жазылған зерттеу еңбектерінің аты, баспасы, шыққан жыл, беті	Осы зерттеу еңбегінде саған ұнаған ой, цитатадан үзінді	Үзіндіге көзқарасың	«Мен – зерттеушімін» өзіндік көзқарасың

Заманауи жаңа ақпараттық бағдарламаларды қолдануға бағытталған тапсырмалар (Q KOD, rlicers бағдарламасы, комикс құру бағдарламасы, 3D өлшемді туынды т.б.)

Тиімділігі: Оқушы жоба жұмысын жазуда заманауи жаңа ақпараттық технология-

ларды жоба нәтижесін көрнекі әрі интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланып көрсете алады. Зияткерлік жұмыс барысында үлкен деректерді талдап, виртуалды ақпаратты қолжетімді, дәл жоспарлайды. Көлденең және көлбеу жүйелік интеграция, үлкен деректерді талдау, моделдеу. аддитивті өндіріс (3D-баспа) мүмкіндіктерін пайдаланды.

Q KOD жұмыс тапсырмасы

Ғылыми жоба тақырыбы	Ғылыми жоба мақсаты мен міндеттері	Зерттеу нәтижесі қандай болуы керек? (сөздік жасау, карта, ақылды кітап т.б.)	Q KOD бағдарламасында зерттеу нәтижесінде шығатын негізгі деректерді енгізу	Дайын Q KOD бағыттар бойынша реттеу	Қорытынды. Q KOD-ты ашу, қолдану

Комикс құру бағдарламасына тапсырма

Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын жазу	Шығарманы ықшамдау (Шығарманың сюжетін кейіпкерлер сөзі арқылы беру)	Кейіпкерлер бейнесінің анимациясын жасау	Анимацияларды «қозғалту» және оқиғаларды ретімен қою	Дайын комиксті жүктеу

SMART мақсат және критерийлермен жұмыс

Тапсырма: төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Тиімділігі: Жоба жұмысының мақсатын жазғанан кейін келесі қадамдарды анықтау мақсатында ой қозғауға тиімді.

Specific. Осы мақсатқа жетуге арналған жобаның бір бөлігін іске асыру нәтижесінде нақты не алу керек екендігі туралы нақты ақпараттар бар ма?

Measurable. Біз жобаның нәтижелерін және оның жеке бөліктерін көре және өлшей аламыз ба?

Achievable. Қолда бар ресурстарды ескере отырып, мәлімделген мақсатқа қол жеткізуге бола ма?

Relevant. Жоба командасының мақсатқа жетуі нәтижесінде қандай табыстарға жетеміз?

Time bound. Осы мақсатқа жету үшін қанша уақыт бөлінеді? Мақсатқа жетудің нақты күні белгіленді ме?

Аталған тақырып бойынша авторлық бағдарламада 20-дан аса тапсырма түрлері берілген және қала, облыс бойынша мектептерде тәжірибеден өткен. Аталған авторлық бағдарламамен жұмыс жасауының нәтижесі ретінде оқушылар республикалық ғылыми жобалар байқауында жүлделі II орын, облыстық кезеңде I және II орын, қалалық ғылыми жобалар байқауында жүлделі I, II, III орындар иелен-

ген. Бұл жоба 3 жыл апробациядан өтті және қолдану барысында нәтижеге жететінін көруге болады. Ж.Қ. Төлеуқоңыр оқушыларының ғылыми жоба бойынша жетістіктері: Республикалық ғылыми жобалар байқауы 2-орын Жақсыбергенова Жанель диплом, күміс медаль (ҚР Білім және ғылым министрлігі А.Аймағамбетов 2020 ж.), облыстық ғылыми жобалар байқауы 2-орын Жақсыбергенова Жанель диплом (ШҚО Білім басқармасы 2019 ж.), қалалық ғылыми жобалар байқауы 1-орын Жақсыбергенова Ж. (Семей қаласының Білім басқармасы 2019 ж.), «Зерде» ғылыми жобалар байқауы 2-орын Серікқалиқызы Қарақат (2020 ж.), облыстық ғылыми жобалар байқауы 9-11 сыныптар 2 оқушы 2-орын Серікқалиқызы Қ., Жұмағалиев А. (2022 ж.), қалалық ғылыми жобалар байқауы 9-11 сыныптар 2 оқушы 1-орын Жұмағалиев Ақтілек, Серікқалиқызы Қарақат (2022 ж.), «Зерде» ғылыми жобалар байқауы 2-орын 2 оқушы Бахтынова Нұрай, Қалиева Айша (2023 ж.), ғылыми жобалар байқауы қалалық кезең 1-орын Серікқалиқызы Қарақат (2023 ж.). Әр ғылыми жоба жазу барысында авторлық бағдарламада және мақалада көрсетілген тиімді әдістерді қолдану арқылы осындай нәтижеге жетті. Бұл өз кезегінде дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылатынын дәлелдей түседі. Демек, ғылыми жұмысқа жетекшілік ететін ұстаз баланың зерттеушілік қабілетін танып қана қоймай, оған түрлі тапсырмалар беру арқылы бағыт-бағдар беруі керек деп санаймыз.

Ұсыныстар:

1. «Оңайдан қиынға» тәсілі бойынша жұмыс жасау әдістемесін әзірлеу.
2. Сабақ беретін сыныптарда тақырыпты меңгерту кезінде ғылыми ақпаратты пайдалану.
3. «Жалпыдан жекеге» теориясы бойынша сынып оқушыларының ішінен ғылыми жобаға жазуға бейімі бар, ғылыми ақпараттармен жұмыс істеудің кезеңдерін меңгерген бірнеше оқушымен жұмыс жасау.
4. Әр сыныптан бірнеше оқушыны таңдау.
5. Дарынды оқушымен жұмыс жоспарын құру.
6. Ғылыми жоба жұмысын жазбас бұрын мұғалім оқушыға ғылыми жоба туралы теориялық түсінік беру.
7. Ғылыми жобаның ерекшеліктерін, құрылымын түсіндіру.
8. Ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарды айту, жұмыс жасау алгоритмін таныстыру.
9. Жобаның түрін таңдау.
10. SMART мақсат және критерийлермен жұмыс жасау.
11. Ғылыми жобаны тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасау.
12. Ғылыми жұмыстың теориялық және тәжірибелік бөлімдерін жазу, барлық бөлімдермен жұмысты аяқтау.
13. Плагиат. Плагиаттан сақтану жолдары.
14. Ғылыми жобаны қорғауға дайындық жасау.

Бұл мақалада «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары» атты

авторлық бағдарлама бойынша кейбір тиімді әдістер көрсетілген. Бағдарламада оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары кезеңдерінің бағыттары мен кезеңдері қамтылған болатын.

Авторлық бағдарламада теориялық, тәжірибелік, бөлімдері толық қамтылып, ғылыми жобамен айналысатын оқушыға бағытталған тапсырмалар үлгілері және жұмыс нәтижелері көрсетілген еді. Сол арқылы әдістемелік-дидактикалық принцип те қамтылған. Мақалада жан-жақты әдістемелік әдіс-тәсілдермен қарулану арқылы ғылыми жұмысты тиімді жазудың жолдары ұсынылып отыр. Осы арқылы тұлғаға бағытталған білім беру мен тәрбиелеу нәтижесінде оқушының өздігінен дамуына жағдай жасай аламыз.

Бағдарламаны 2019 жылдан бері «№15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ мектепте және Абай облысы бойынша 3 мектепте 3 жыл апробациядан өткізіп, ғылыми жобалар жеңімпаздары дайындалды. Алдағы уақытта да ұстаздарға ғылыми жобалар байқауының жеңімпаздарын дайындауға жақсы көмекші құрал бола алады деп сенеміз.

Қорытынды

Асылы, оқушыға сапалы білім бере отырып, үнемі жаңашылдыққа ұмтылысын арттыру мол жетістіктерге жетелейді.

Мақалада теориялық, тәжірибелік, сабақ барысында ғылыми ақпаратты беру тәсілдері, ғылыми жобамен айналысатын оқушыға бағытталған тапсырмалар, жылдық жұмыс жоспары және бағдарламамен жұмыс жасау жүйелі нәтижеге алып келгенін көре аламыз. Бұл оқушылардың ғылыми жоба жазуға икемділігін, қабілеттілігін айқындау, дамытуда әр алуан әдістемелік тәсілдердің тиімділігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қабілетті, дарынды, еркін және жан-жақты ойлайтын, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай алатын тұлға тәрбиелеу бүгінгі ұстаздың міндеті деп есептейміз.

Қолданылған деректер тізімі

1. У. К. Бут, Г. Дж. Коломб, Д. М. Уильямс». М.: Флинта; Наука, 2004 – 357 с. Бут, У. К. «Исследование. Шестнадцать уроков для начинающих авторов /
2. Эко У. Как написать дипломную работу. Гуманитарные науки / У. Эко; пер. с итал. Е. Костюкович – С.-П. : Symposium, 2004. – 300 с.
3. Андреев, Г. И. Основы научной работы и оформление результатов научной деятельности: учебное пособие / Г. И. Андреев, С. А. Смирнов, В. А. Тихомиров – М. : Финансы и статистика, 2004 – 269 с.– (В помощь написания диссертации и рефератов)
4. Кузнецов, И.Н. Научные работы: методика подготовки и оформления / И. Н. Кузнецов. – М.: Дашков и Ко, 2012. – 340 с.
5. Бітібаева Қ.О. Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары. – Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2012. – 124
6. Битуова Т.Р., Құлахметова А.Т., Исакова А.Е. Ғылыми жобаны әзірлеу және қорғау бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Дарын, 2011. – 68 б.
7. Құсайынов А. Білім жүйесін реформалаудағы жаңа буын оқулықтары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – №2. 2003. – 7-13 б.
8. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы, Жазушы. 1986. – 304 б.
9. Мектеп оқушыларының ғылыми жобаларының республикалық жарыстарына қатысушыларға арналған ақпарат // [ssn.kz/images/ news/treb_kaz.Doc](http://ssn.kz/images/news/treb_kaz.Doc)

● СПОСОБЫ ЭФФЕКТИВНОГО НАПИСАНИЯ РАБОТЫ НАД НАУЧНЫМ ПРОЕКТОМ

Толеуконыр Ж.К.

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 15»,
г.Семей

Аннотация. В данной статье представлен комплекс заданий, направленных на раскрытие интереса, исследовательских способностей учащегося путем выполнения различных заданий для приобретения навыков научного мышления, подготовки учащихся к написанию научного проекта. Реализуя программу, можно создать комплексную подготовку к конкурсу научных проектов. Была написана авторская программа «Развитие навыков научного мышления учащихся по казахскому языку и литературе, пути подготовки к написанию научного проекта», в ходе которой было проведено исследование, позволяющее выполнить некоторые общие задания за 5 лет плодотворной проектной работы. В статье представлены некоторые результаты данного исследования, в частности задачи, направленные на эффективное написание практической части научного проекта.

Ключевые слова: научный проект, практическая часть, руководство учащегося, эффективные задания.

EFFICIENT WAYS TO WRITE WORK ON A SCIENTIFIC PROJECT

Toleukonyr J.K.

KSU «Secondary school No. 15»,
Semey

Annotation. This article presents a set of tasks aimed at revealing the student's interest and research abilities by performing various tasks for acquiring scientific thinking skills, preparing

students for writing a scientific project. By implementing the program, you can create a comprehensive preparation for the competition of scientific projects. The author's program "Development of students' scientific thinking skills in the Kazakh language and literature, ways of preparing for writing a scientific project" was written, during which a study was conducted that allows performing some general tasks over 5 years of fruitful project work. Some of the findings of this study are presented in the article, particularly tasks that aim to effectively write the practical part of a scientific project.

Keywords: scientific project, practical part, student's guide, effective tasks.

FTAMP 14.25.09

ВИРТУАЛДЫ ОҚЫТУДА PYTHON ТІЗІМДЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тлебалдиев Б.Ш.

«№ 1 мектеп-лицейі» КММ, Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданы

Аңдатпа. Бұл мақалада орта білім беру ұйымдары оқу бағдарламаларында программалау курсы негізінде массивтермен жұмыс істеу қарастырылып келгені баяндалады. Массивтермен жұмыс бүгінгі таңға дейін оқу бағдарламасына енгізіліп келген Turbo Pascal, C++, Delphi, Lazarus сынды программалау тілдерінде қолданылып келді. Python программалау тілімен бірге біршама өзгерістер енгізілді деп қарастыруға болады, себебі Python ортасында «массивтер» деген ұғым қолданылмайды. Оның орнына тізімдер қолданылады. Тізімдер массивтерге мейлінше ұқсас болғанымен, олардың құрылымында өзгешеліктер бар. Сондықтан қолданушыларға Python тізімдері қызметін нақтылап беру, практика негізінде массивтер мен тізімдер қызметтерін айқындау мәселелері өзекті болып отыр.

Көрсетілген бөлім бойынша виртуалды оқыту құралының қажеттілігі маңызды. Оқулықта «Тізімдермен жұмыс» бөлімі бойынша материалдар қоры аз ұсынылған. Осыны ескере отырып, қолданушыларға (оқушыларға) Windows ортасында дайындалған виртуалды оқыту құралын көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылады. Виртуалды оқыту құралы аталған бөлім бойынша жаңадан үйреніп жүрген қолданушылардан бастап орта деңгейде меңгерген қолданушыларға да көмегі тиері сөзсіз.

Түйінді сөздер: программалау, виртуалды оқыту, тізімдер

Кіріспе

Виртуалды оқыту құралын пайдалану – қазіргі таңда қолданысқа ие болған ақпаратты ұсыну-қабылдаудың ең тиімді және қолжетімді әдістерінің бірі. Бұл орайда қолданушы қызықты виртуалды саяхатқа шығып, ақпаратты қабылдау деңгейі жоғары болады. Виртуалды оқыту құралын пайдалану жаңа білімді меңгеру тиімділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Соңғы уақытта оқытудың қашықтықтан оқыту формасы кең қолдау тауып келе

жатқаны белгілі (әлемде орын алып жатқан пандемиялық ахуал да өз әсерін тигізуде), сондықтан оны тиімді түрде оқыту мәселесі алдыңғы кезекте тұрады. Заманауи ақпараттық технологиялар арқасында қашықтықтан оқыту формасын пайдаланып жүрген қолданушыларға мәтіндік форматта ғана жазылған электрондық оқулықтарды ұсынып қана қоймай, сонымен қатар бейнежаттығулар форматын да ұсынуға болады. Материалды көпшілікке ұсыну әдісі оның игерілу деңгейіне тікелей әсер ететінін ескерсек, оқыту процесін белсендіру-

де қашықтықтан оқыту мақсатында бей-нежаттығуларды мейлінше тиімді пайдалану қажеттілігі туындап отыр. Олар аудио-визуальді контент, әртүрлі презентациялар, монитор экранында жүріп жатқан іс-әрекеттердің жазбасы болуы мүмкін.

Виртуалды оқыту құралы білімді өздігінен алуға көп көмектеседі. Кез келген материалды меңгеруде алдымен теория, содан соң практикалық материалдарға жүгінетініміз белгілі. Ал виртуалды оқыту құралын пайдалану барысында қолданушы бір мезгілде теориялық-практикалық ақпараттарды мысалдар жүзінде қабылдап, оны есте сақтау жеңіл болады, өйткені материалды үйрену рәсімі қадамдарға бөлінгендіктен түсінікті болады. Виртуалды оқыту құралы көмегімен қолданушылар бұрын-соңды көрмеген, болмаса сынақтан өткізбеген амалдардың орындалуын үйренеді. Нәтижесінде оқушылардың білімді өз беттерінше алуларына жағдай жасалады.

Әдістеме

Python ортасында массивтер деген ұғым қолданылмайды, оның орнына тізімдер қолданылады. Массивтер мен тізімдердің қызметтерінде қандай айырмашылық бар? Массивтер элементтері біртипті деректерден тұрады, мәселен, тек бүтін сандардан немесе тек бөлшек сандардан. Ал тізім элементтері әр типті деректерден тұра береді: бүтін сандар, бөлшек сандар, қатарлар, таңбалар және кіріктірілген тізімдер.

`a=[54, 1, 69, 5, 798]` массив

`a= [4, 2.369, -8, 'a',
'Python', [1, 2, 3]]` тізім

Массивтер сияқты тізім элементтері де индексі (реттік нөмірі) арқылы анықталады және олар нөлдік реттік нөмірден басталады. Математикада массивтер деп қандай да бір сандар тізбегін қарастыруға болады. Программалау саласында массивтерді сандар, символдар және

қатарлар тізбегі деп қабылдаған абзал және оны бірөлшемді массив деп атаймыз. Үлкен көлемді бір типті деректерді программалауда массивтердің алатын орны ерекше. Есептің құрылымына қарай күрделі әртүрлі типті деректерді өңдеу мақсатында массивтер орнына тізімдерді пайдалану мәселені біршама жеңілдетеді.

Көптеген программалау тілдері тізбектер түріндегі құрылымдарды пайдаланады, оларды массив-жиым (array) деп атайды. Массивтер тізімдер тәрізді, бірақ олардың Python тізімдеріне қарағанда, мүмкіндіктері шектеулі болып келеді. Python тілінде массивтерді де құруға болады, тізімдер солардың орнына жүреді. Тізімдердің ішкі мүмкіндіктері массивтерден жоғары болып саналады. Басқа тілдердегі сияқты массивтер құру мүмкіндігі стандартты кітапхананың array модулі арқылы немесе Python тілінің басқа кітапханалары көмегімен (мысалы, numpy) жүзеге асырылады. Тізім – мәліметтердің көптеген элементтерін сақтайтын объект. Тізімдегі әрбір мән – оның элементі. Тізім элементін программа жұмысы барысында өзгертуге болады, ол мәліметтердің динамикалық құрылымына жатады, яғни оған элементтерді қосуға немесе азайтуға болады. Программада тізімдер элементтерін индекстеуге, қиып алуға және де басқа амалдар атқаруға болады.

Python – бұл әртүрлі мәселелер мен тапсырмалардың үлкен көлемін шешу үшін қолданылатын белсенді дамып келе жатқан сценарий тілі. Python компьютерлік және мобильді қосымшаларды құруда пайдалы, ол үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс жасауда, Web-сайттар мен басқа да әртүрлі жобаларды әзірлеуде, машиналық оқытуда қолданылады. Осылайша, Python әртүрлі салаларда өз орнын тапты – оның көмегімен әртүрлі күрделіліктегі көптеген мәселелерді шешуге болады.

Python – динамикалық теру, жадыны автоматты түрде басқару және сөздіктер (хэш кестелері), тізімдер, кортеждер сияқты ыңғайлы жоғары деңгейлі деректер құрылымы бар интерпретацияланған,

жоғары деңгейлі объектіге бағытталған бағдарламалау тілі.

Класстарды, модульдерді, ерекше жағдайларды өңдеуді және көп ағынды есептеулерді қолдайды. Python-да қарапайым және экспрессивті синтаксис бар. Тіл бірнеше бағдарламалау парадигмаларын қолдайды: құрылымдық, объектілі, функционалды және аспектілі.

Python программалау тілінде есептерді шешуге арналған көптеген дайын кітапханалар бар. Бағдарламалаудағы кітапханалар – бұл есептердің нақты түрлерін шешуге арналған құралдар. Python танымал кітапханаларының кейбір мысалдары:

PyGame. Шағын ойындар мен мультимедиялық қосымшалар жасауға арналған кітапхана.

NumPy. Жасанды интеллектпен жұмыс жасауға және машиналық оқытуға арналған кітапхана. Күрделі математикалық есептеулер үшін қолданылады.

Pandas. Үлкен деректермен жұмыс жасауға арналған кітапхана.

SQLAlchemy. Мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған кітапхана.

Django, Flask. Серверлік қосымшаларды жасауға арналған кітапханалар.

Кітапханалардың болуы әр тапсырмаға арналған құралдың бар екенін білдіреді. Сізге нөлден бастап күрделі нәрсе ойлап табудың қажеті жоқ. Python программалау тілін алпауыт компаниялар пайдаланады. Біз білетін көптеген компаниялар мен ұйымдар Python қолданады:

Spotify және Amazon деректерді талдау және ұсыныстар жасау үшін Python-ды қолданады.

Walt Disney Python программалау тілін анимация үшін сценарий тілі ретінде қолданады.

YouTube және Instagram толығымен Python-да жазылған.

Тізімдермен жұмыс істеудің негізгі әдістерінің сипаттамалары

Әдіс атауы	Қызметі
<code>list.append(x)</code>	Тізім соңына жаңа элемент қосу
<code>list.extend(x)</code>	x тізім элементтерін list тізімі соңына қосу арқылы тізімді кеңейту
<code>list.insert(i, x)</code>	i-ші x мәнін кірістіру
<code>list.remove(x)</code>	x мәніне тең элементті жою
<code>list.pop([i])</code>	i-ші элементті жою және оны көрсету
<code>list.count(x)</code>	x мәніне тең элемент санын анықтау
<code>list.sort([key=функция])</code>	функция негізінде тізім элементтерін сұрыптау
<code>list.reverse()</code>	тізімді кері бағытта ұсыну
<code>list.copy()</code>	тізімді көшіру
<code>list.clear()</code>	тізімді тазарту

Тізімдермен жұмыс істеу мысалдары

Python ортасында тізім құру

Тізім құру үшін элементтерді тік жақшаға алу керек, мысалы:

```
tizim=[1, 2, 3, 4, 5]
```

Тізім мына түрде де болуы мүмкін:

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

Тізімде бірнеше типті деректер араласып та келуі мүмкін:

```
tizim=[1, 'two', 'three', 5.25, [25, 26, 27]]
```

Тізім элементіне қатынас жасау оның индексі (реттік номері) арқылы іске асырылады. Python программалау тілінде индекс нөлден басталады.

Тізімді өзгерту

Тізімдер – өзгермелі объектілер, сондықтан олардың элементтерін ретімен өзгертуге болады.

Мысалы, келесі тізім берілген болсын:

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

Берілген тізімнің қандай да бір элементін былай өзгертуге болады:

```
tizim[2]='thirty'
```

Экранға шығару амалынан кейін тізім мына түрде болады:

```
tizim=['one', 'two', 'thirty', 'four', 'five']
```

Егер индекс теріс сан болса, онда соңғы элементтен бастап санақ жүргізіледі.

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

```
k=tizim[-1]
```

```
print(k)
```

Программа нәтижесі 'five' болады.

Тізімді шығару

Тізім элементін келесі цикл арқылы оқуға болады:

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

```
for k in tizim:
```

```
    print(k)
```

Тізім элементтерін жаңарту:

```
tizim=[1, 2, 3, 4, 5]
```

```
for k in tizim:
```

```
    tizim[k]+=2
```

```
print(tizim)
```

Программа нәтижесі:

```
[3, 4, 5, 6, 7]
```

len() функциясы элементтер санын анықтау үшін қолданылады, ал range() элементтер тізімін анықтау үшін қолданылады. Кіріктірілген тізім – ол тек бір тізім, оның элементтер саны маңызды емес.

```
tizim=[1, 'two', 'three', 5.25, [25, 26, 27]]
```

```
print(len(tizim))
```

Программа нәтижесі: 5

Тізім үзіндісі

Тізім үзіндісін «:» операторы көмегімен алуға болады.

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

```
print(tizim[1:3])
```

Программа нәтижесі: 'two', 'three'

Егер сіз бірінші нөмірді алып тастасаңыз, онда тізім бірінші элементтен, ал екіншісін алып тастасаңыз, соңғыдан басталады.

Егер сіз сандарды алып тастап, тек қос нүктені қалдырсаңыз, бүкіл тізім көшіріледі.

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

```
print(tizim[1:3])
```

```
print(tizim[1:])
```

```
print(tizim[:3])
```

```
print (tizim[:])
```

Программа нәтижесі:

'two', 'three'

'two', 'three', 'four', 'five'

'one', 'two', 'three'

'one', 'two', 'three', 'four', 'five'

Тізім элементтерін кірістіру

Ол үшін insert() әдісін қолдануға болады.

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

```
tizim.insert(2, 'thousand')
```

```
print(tizim)
```

Программа нәтижесі:

['one', 'two', 'three', 'thousand', 'four', 'five']

1

Тізім элементін жою

pop() әдісінің көмегімен тізім элементінің индексі арқылы жоюға болады

```
tizim=['one', 'two', 'three', 'four', 'five']
```

```
removed=tizim.pop(1)
```

```
print(tizim)
```

```
print(removed)
```

Программа нәтижесі:

['one', 'three', 'four', 'five']

two

Практикада қолдану

Виртуалды оқыту құралының мазмұны мен сипаттамалары

№1 зертханалық жұмыс. Тізім элементтерін енгізу және шығару.

Python программалау ортасында массивтер деген ұғым жоқ, оның орнына тізімдер қолданылады. Массивтер мен тізімдердің қызметтерінде қандай айырмашылық бар? Массивтер элементтері

біртепті деректерден тұрады, мәселен, тек бүтін сандардан немесе тек бөлшек сандардан. Ал тізім элементтері әр типті деректерден тұра береді: бүтін сандар, бөлшек сандар, қатарлар, таңбалар және кіріктірілген тізімдер.

$a=[54, 1, 69, 5, 798]$ массив

$a=[4, 2.369, -8, 'a', 'Python', [1, 2, 3]]$ тізім

Массивтер сияқты тізім элементтері де индексі (реттік нөмірі) арқылы анықталады және олар нөлдік реттік нөмірден басталады.

№2 зертханалық жұмыс. Тізім элементтерімен жұмыс.

Тізім элементтеріне өзгерістер енгізу үшін оның индексі арқылы қатынас жасауға болады. Мысалы, $a=[54, 1, 69, 5, 798]$ тізімінде екінші реттік нөмірде тұрған элементке жаңа мән беру үшін $A[2]=100$ деп өзгертсек, программа нәтижесі былай болады: $a=[54, 1, 100, 5, 798]$. Бұл зертханалық жұмыста тізімге жаңа элемент қосу, қандай да бір элементті жою, бірнеше тізімдерді біріктіру, тізім элементтерінің қайталану санын анықтау амалдары қарастырылады.

№3 зертханалық жұмыс. Тізім элементтерін сұрыптау.

Python отасында тізім элементтерін сұрыптау өте қарапайым жолмен іске асырылады. Ол үшін жай ғана sort() функциясы қолданылады. Мәселен, мына тізім элементтерін сұрыптау керек болсын: $a=[54, 1, 69, 5, 798]$. Ол үшін $a.sort()$ қатарын енгізу керек. Программа нәтижесі былай болады: $a=[1, 5, 54, 69, 798]$. Ал егер кемү ретімен сұрыптау керек болса $a.sort(reverse=True)$ қатары қолданылады. Программа нәтижесі былай болады: $a=[798, 69, 54, 5, 1]$.

№4 зертханалық жұмыс. Тізім элементтерінің жұп сандарының санын анықтау.

Ол үшін келесі шарт тексеріледі:

```
if item%2==0:
```

$k+=1$

Ал егер тақ сандардың санын анықтау керек болса:

if item%2!=0:

$k+=1$

№5 зертханалық жұмыс. Тізім элементтерінің ең үлкен және ең кіші мәнін табу.

Басқа программалау тілдеріне қарағанда Python тілінде тізім элементтерінің ең үлкен немесе ең кіші мәнін табу операциясы өте қарапайым. Ол үшін жай ғана `max()`, сәйкестігінше `min()` функцияларын пайдаланамыз.

`print(max(a))`

`print(min(a))`

№6 зертханалық жұмыс. Тізімнің жұп және тақ элементтерінің ең үлкен мәнін табу.

Ол үшін келесі шарттар тексеріледі:

if item>max and item%2==0:

$max=item$

Ал егер тақ элементтердің ішінен ең үлкен мәнге ие элементті анықтау керек болса:

if item>max and item%2!=0:

$max=item$

№7 зертханалық жұмыс. Кіріктірілген тізімдермен жұмыс.

Кіріктірілген тізім дегеніміз бір тізімнің ішінде басқа да тізімдердің ұсынылуын айтамыз. Мысалы: `a=[[1, 2, 3], [4, 5, 6], [7, 8, 9]]`. `a` тізімінің 3 элементі бар. Әрбір кіріктірілген тізімнің жеке элементтеріне қатынас жасау үшін оның да индексін көрсету керек, мысалы:

`a=[[1, 2, 3], [4, 5, 6], [7, 8, 9]]`

`print(a[2][1])`

Программа нәтижесі:

8

№8 зертханалық жұмыс. Кіріктірілген тізім элементтерін енгізу және шығару (1-жаттығу).

Кіріктірілген тізім элементтерін енгізу үшін кіріктірілген циклдер ашамыз:

for i in a:

for j in i:

`print(j, end=' ')`

№9 зертханалық жұмыс. Тізім элементтерінің қосындысын және көбейтіндісін табу.

Жаттығуда тізім элементтерін қатар бойымен және бағана бойымен қосу амалдары қарастырылады. Қатар бойымен қосу:

for i in range(3):

$s=0$

for j in range(4):

$s=s+a[i][j]$

`print(s)`

Бағана бойымен қосу:

for j in range(4):

$s=0$

for i in range(3):

$s=s+a[i][j]$

`print(s)`

№10 зертханалық жұмыс. Кіріктірілген тізім элементтерін енгізу және шығару (2-жаттығу).

Пернетақтадан тізім элементтерін қолданушы өзі енгізеді. Ол үшін келесі программа үзіндісі қолданылады:

```

n=int(input())
k=int(input())
for i in range(n):
    b=[]
    for i in range(k):
        b.append(int(input()))
    a.append(b)

```

Ұсыныстар

1. Виртуалды оқыту құралы оқушылардың өз беттерінше білім алуларына ықпал етеді;
2. Тізімдердің массивтерден айырмашылығын жете түсінуіне септігін тигізеді;
3. Программа құру барысында компьютер жадын үнемдеу және программа мәтінін тестілеуге жұмсалатын уақыты үнемдеу мақсатында тізімдерді ұтымды пайдалану дағдылары қалыптасады;
4. Python программалау тілінің кез келген қолданушыға ашық екендігін, яғни программа құрылымын жақсарту мақсатында кез келген қолданушының өзгерте алатындығын біледі;
5. Программаның лицензиясыз (тегін) және онлайн нұсқаларын да пайдалану оқушылар мен ата-аналар тарапынан қызығушылықтың артуына әсер етеді;
6. Оқушылардың пән бойынша білім сапасы артады;
7. Есепті шешуді жетік меңгеру арқылы оны өмірде қолдану дәрежесі артады.

Қорытынды

Қорытынды ретінде келесі дәйекті ұсынғым келеді: деректер типі әртүрлі болған жағдайда, оларды бірнеше массивтер түрінде ұсынуға тура келеді. Ал Python программалау тілінде әртүрлі типті деректерді бір айнымалыға тізімдер

түрінде енгізіп, есептерді шешуде ұтымды пайдалануға болады. Бұл бір жағынан компьютердің жедел жады көлемін үнемдейді, нәтижесінде программалау барысында амалдарды орындау жылдамдығы артады.

Қазіргі заманда әрбір білім алушы өзінің білім алуына өзі жауапты екенін айтамыз. Әлемде орын алып жатқан пандемиялық ахуал салдарынан көпшілік оқу орындары (орта білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары) онлайн форматына көшіп, электронды оқыту құралдарын пайдалануға көшті. Әрбір сала бойынша электронды оқыту құралдарының жетіспеушілігі байқалды. Осы орайда қашықтықтан оқыту форматы негізінде «Python ортасында күрделі типті деректермен жұмыс» виртуалды оқыту құралы қолданушылардың өз беттерінше білім алуларына бірден-бір ықпал етуші электронды оқу құралы болып табылады.

Болашақта электронды оқыту құралының мазмұнын кеңейту көзделіп отыр. Оның себебі, Python программалау тілінің жаңа нысандары: кортеждер, сөздіктерге арнап электронды оқыту құралын дайындауды алдыма мақсат етіп қойдым. Бұл жолы массивтер, тізімдер, кортеждер және сөздіктер қызметтерін салыстыра отырып, кешенді электронды оқыту құралын дайындау көзделіп отыр. Аталған Python нысандары бойынша ғаламторда қазақ тілінде ақпарат қорының әлі де жетіспеушілігін ескерсек, бұл виртуалды оқыту құралын пайдаланушыларға көмекші құрал боларына сенім мол...

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Аллен Б.** Дауни - Think DSP. Цифровая обработка сигналов на Python - Издательство "ДМК Пресс" - 2017 - 160с.
2. **Бизли Д.** Python. Подробный справочник. - Пер. с англ. - СПб.: Символ-Плюс, 2010. - 864 с, ил.
3. **Брукс Ф.,** Мифический человеко-месяц, или Как создаются программные системы, М.: Символ-Плюс, 2010.
4. **Буйначев, С.К.** Основы программирования на языке Python [Электронный ресурс]: учебное пособие / С. К. Буйначев, Боклаг Н. Ю. – Элек-

трон. текстовые дан. – Издательство Уральского университета, 2014.

5. **Гэддис Т.** Начинаем программировать на Python. – 4-е изд.: Пер. с англ. – СПб.: БХВ-Петербург, 2019. – 768 с.
6. **Долинский М.С.** Решение сложных и олимпиадных задач по программированию - Учебное пособие - М.: – 2006.
7. **Доусен М.** Програмуємо на Python (Python Programming for the Absolute Beginner)//изд.

«Питер», серия Бестселлеры O'Reilly, 2016,- 416с.

8. **Златопольский Д.М.** Основы программирования на языке Python. – М.: ДМК Пресс, 2017. – 284 с.
9. **Лутц М.** Программирование на Python, том I, 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2011. – 992 с.
10. **Лутц М.** Программирование на Python, том II, 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2011. – 992 с.

● ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СПИСКОВ PYTHON В ВИРТУАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ

Тлебалдиев Б.Ш.

КГУ «Школа-лицей № 1», район Т. Рыскулова Жамбылской области

Аннотация. В данной статье сообщается, что работа с массивами на основе курса программирования рассматривается в образовательных программах средних образовательных организаций. Работа с массивами использовалась в таких языках программирования, как Turbo Pascal, C++, Delphi, Lazarus, которые до сегодняшнего дня включены в учебную программу. Можно считать, что некоторые изменения были внесены в язык программирования Python, поскольку в среде Python не используется понятие «массивы». Вместо этого используются списки. Хотя списки во многом похожи на массивы, их структура отличается. Поэтому проблемы разъяснения сервисов списков Python для пользователей, определения сервисов массивов и списков на основе практики являются актуальными.

Важна необходимость виртуального средства обучения по указанному разделу. В учебнике небольшой объем материалов представлен в разделе «Работа со списками». Учитывая это, пользователям (в основном студентам) рекомендуется использовать в качестве вспомогательного средства виртуальный инструмент обучения, подготовленный в среде Windows. Инструмент виртуального обучения, несомненно, поможет пользователям, которые только изучают этот раздел, а также пользователям, освоившим его на среднем уровне.

Ключевые слова: программирование, виртуальное обучение, списки.

● FEATURES OF THE APPLICATION OF PYTHON ARRAY IN VIRTUAL TRAINING

Tlebaldiev B.Sh

KSU «Lyceum School No. 1», T. Ryskulov district of Zhambyl region

Abstract. In this article, it is reported that working with arrays on the basis of the programming course has been considered in the educational programs of secondary educational organizations. Work with arrays has been used in programming languages such as Turbo Pascal, C++, Delphi, Lazarus, which have been included in the curriculum until today. It can be considered that some changes were introduced with the Python programming language, because the concept

of “arrays” is not used in the Python environment. Lists are used instead. Lists are employed as an alternative. Although lists are largely. Their structure is different, even though they are similar to arrays. The problems of making Python list services clear for users and defining array and list services based on practice are relevant.

The need for a virtual training tool for the specified section is important. In the textbook, a small amount of materials is presented in the “Working with lists” section. With this in mind, users (mainly students) are advised to use a virtual learning tool prepared in a Windows environment as an aid. The virtual training tool will undoubtedly help users who are just learning about this section, as well as users who have mastered it at an intermediate level.

Keywords: programming, virtual training, lists

FTAMP 14.25.07

● ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ, ОЙЛАУ, КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Шокеева Г. Ж.

№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл зерттеудің мақсаты орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында білім беру кіші сынып оқушыларының зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы оқытуды ұйымдастырудың заманауи және инновациялық оқыту әдістерін қолдануға бағытталған. Бақылауға төртінші сыныптың 23 оқушысы қатысты. Ол Астана қаласы №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінде жүріп жатқан оқу үрдісі жағдайында өткізілді. Қолданылған оқыту әдісі оқушыларға мұғалімнің жетекшілігімен ғылым идеяларын белсенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бақылау барысында «Жаратылыстану» пәнін оқытуды сұрақтарға жауап іздеу процесі ретінде қарастыру, сонымен қатар диалогтік оқыту әдістері оқу үдерісінің тиімділігін арттыратыны анықталды.

Түйінді сөздер: коммуникативтік дағдылар, интербелсенді оқыту, диалогтік оқыту.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру ортасын жақсартуды, ұлттық, әлеуметтік және жеке қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыратын тәрбие мен оқыту міндеттерін қояды талап етеді. Оқытуды ынталандыру және қолайлы білім беру ортасын құру үшін ең жақсы оқыту әдістері мен стратегияларын қолдану оқушыларды оқыту кезеңдеріне дайындау үшін маңызды. Мұғалім қандай пәнді оқытса да, бірқатар мақсаттарға сүйене отырып, оқушыларға берік, жан-жақты түсінік береді.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарлама-

сында жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білімқұмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектесетіндігі көрсетілген. Сонымен қатар «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталғаны анықталған [1].

«Жаратылыстану» пәні мұғалімдері оқушылармен бірге белсенді сынып ретінде бірлесіп жұмыс істейтін орта жасайды. Оқушылар табиғат әлемі және оны түсіну үшін қажетті ғылыми принциптер

туралы білімді меңгереді. Мұғалімдер жаратылыстану пәндерін оқу бағдарламасына сәйкес оқыту бойынша білімдерін кеңейтіп, жаратылыстану саласында теориялық және практикалық білімдер мен дағдыларды меңгеруі оқушылардың дүниетанымын, табиғат заңдарын тануын, ойлаудың ғылыми тәсілін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Жаратылыстану оқу бағдарламасында «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары оқу үдерісінде «білім алу жолдарын білетін», өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады» - деп көрсетіледі [1]. Оқу бағдарламасында сипатталғандай жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстану бұл шын мәнінде оқушыларға бағытталған оқытуды ұйымдастырудың заманауи және инновациялық оқыту әдістерін қолдану қажеттілігін анықтайды. Осы мақсатта оқыту әдістері зерделеніп, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, П.Я. Халперин, Таубаева Ш.Т., Қараев Ж.Ж., Құсайынов Г.М., Жанпейісова М.М. және т.б. еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар Өстеміров Қ., Әбдікәрімов Б.Ә., Әбдіров Ә.М. және т.б. оқушылардың ынтасын арттыруға және оқуға қызығушылық тудыруға көмектесетін оқытудың интербелсенді әдістерін зерттеу жұмыстары зерделенді.

Пәнді оқыту үрдісінде стандартты ең көп таралған әдістеме үлгісі дәріс формасында баяндау әдісімен қатар мұғалім мен мектеп жұмысының табысты болуы үшін интербелсенді оқыту әдісі қолданылды. Интербелсенді оқыту – бұл білім беру процесіне мұғалім мен оқушылардың тұрақты, белсенді әрекеттесуімен жүзеге асырылатын оқыту [2]. Интербелсенді оқытудың негізгі мақсаты – іс-әрекетті мұғалімнен оқушыларға беру, оқушының оқуын басқару, оқушылардың бірлесіп оқуына мүмкіндік беру және оқу үдерістерін бағалау.

Бастауыш мектептің білім беру кеңістігінің өзгеруі, оның ішінде білім беру мақсаттары мен міндеттерін – оқыту әдістерін (*монологтан диалогқа*), білім беру технологияларын (*стимулдан - өзара әрекеттерге көшу*), педагогикалық диалог пен өзара әрекеттестіктің өзгеруі, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын көрсетеді [3]. Оқыту барысында оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктілік негіздерінің қалыптасуына мұғалімнің сыныптағы міндеттері көбінесе фактілер мен сандарды және негізгі дағдыларды үйретуден асып түседі. Мұғалім өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға), демек диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген интербелсенді оқыту әдісін қолданады. Сонымен интербелсенді оқыту дегеніміз «*үйретуші - үйренуші*», «*үйренуші - үйренуші*», «*үйренуші - өзімен өзі*» форматтарында «*әңгіме*», «*сұхбат*», «*пікірлесу*», «*бірлескен әрекеттер*», «*сұрақ-жауап*» арқылы қарым-қатынас [4].

Әдістеме

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында қарастырылған оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын меңгеру деңгейінің қалыптасуын және дамуын зерттеу мақсатында №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінде 4 сыныптың 23 оқушысына бір тоқсан бақылау жүргізілді.

Бақылап – зерттеуге, ең алдымен, бақылаушы – «Жаратылыстану» пәнінің мұғалімі, зерттеу объектісі – 4 «Д» сыныбының оқушылары, сондай-ақ құралы – «өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, диалог арқылы «сұрақ - жауап»» әдісі және өлшеу құралына оқушыларды бағалау кірді. Оқушыларға бақылау бастамас бұрын алдын ала тест алынды. Тесті бастауыш білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) тест спецификацияларына сәйкес жасалынды. Тест спецификациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ұлттық

тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны ресми сайтынан алынды [5]. Тест нұсқасы білім беру ұйымдарының жаңартылған білім беру мазмұнына көшуіне байланысты талаптарды ескере отырып құрастырылды. Бұл тапсырмалар оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен функционалдық сауаттылығын тексеруге бағытталған [6]. Тест тапсырмаларының жалпы саны – 16. Тесті толық орындауға 25 минут

берілді. Оқушылардан алынған тест нәтижелері бақылау барысында талдау үшін қолданылады. Бағалау Қазақстандағы жаңартылған бағалау жүйесіне сәйкес оқушылардың жеткен оқу жетістік деңгейі тапсырманы орындау пайызына сәйкес анықталады [7]. Оқушылардың тест нәтижесін бағалау деңгейлер бойынша алған ұпайларды бөлу көрсеткіштері қолданылды (1-кесте).

1-кесте. Балдарды деңгейлермен сәйкестендіру шәкілі

Деңгейлер	Тапсырманы орындау пайызы	Ұпайлар бөлу көрсеткіші	
		төменгі шек	жоғарғы шек
Өте жоғары	85-100	14	16
Жоғары	65-84	10	13
Орта	40-64	6	9
Төмен	0-39	1	5

Сонымен қатар, бақылау кезеңдерінде қолданылатын тәжірибе мен логикалық ретпен құралған сұрақтар бойынша кейбір тақырыптардың мысалдары беріледі. Бақылау барысында келесі әдіс принциптері пайдаланылды:

- ▶ барлық білім баланың ішінде, мұғалім сырттан ештеңені үйрете алмайды;
- ▶ сұрақтарды оның жауаптарымен байланыстыру арқылы білімді ерекшелеуге болады.

Бақылау келесі кезеңдерді қамтыды:

1. Мұғалім сабақты түсіндіре отырып, тәжірибе жүргізу мен сұрақ қою арқылы оқушылардың жаңа материалды меңгеруін белсендіру кезеңі.
2. Оқушылар өткен тақырып бойынша сұрақтар дайындап, оларды логикалық ретпен орналастырып, дәптерге жазу кезеңі.

Бақылау кезеңдерде «Сұрақ қою» әрекеті оқушылардың назарын мазмұнға, негізгі идеяларға және мазмұнды түсіну-

ді тексеруге аударады. Оқушылар үшін өз сұрақтарын қою – жаңа білімді қабылдау, білім олқылықтарын толтырудың алғашқы қадамы. Оқушылардың сұрақтары олар үшін пайдалы функцияларды атқарғанымен қатар, олар оқушылардың белсенділігін ынталандыру арқылы мұғалімдерге де көмектеседі. Сондықтан біз жаратылыстануды оқытуда сұрақ қоюды қолдануды ажырата отырып, сұрақ қоюдың рөлін зерттейміз.

Практикада қолдану

Бақылау барысында мұғалім өзара қарым-қатынасқа, диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген әдіс тек оқу процесінде оқушыларға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар мұғалім үшін педагогикалық құрал ретінде пайдалы қызмет атқаратынына негізделеді.

Бақылаудың бірінші кезеңі: *Мұғалім сабақты түсіндіре отырып, тәжірибе жүргізу мен сұрақ қою арқылы оқушылардың жаңа материалды меңгеруін белсендіру кезеңі.*

Сұрақ қою кезінде оқушылардың қабілеті, сұранысы, қызығушылығы ескерілді. Бұл оқушылардың пәнді оқуын және қабылдауын көздейді.

Мысалы, жұмыс тақырыбы: Жарықтың шағылуы, жұтылуы және жарықты өткізу. Оқушылар жарықтың затпен әсерлесу салдарында үш ықтимал нәтижені бақылайды.

(i) Оқушыларға материал ретінде шыны кесектері берілді. Ерікті оқушы сыныптағы шамдарды сөндіріп, әйнекке фонарь түсірді. Оқушылардан не анықтағанын және неліктен болғанын сипаттау ұсынылды. Алынған жауап: Шыны кесегі мөлдір болғандықтан жарық өткізді. Ықтимал нәтижелердің бірі - денелердің жарықөткізгіштік қасиеті байқалды. Қорытынды: Жарық мөлдір денелерден өтеді.

(ii) Жарықтың жұтылуының анықтамасы тақтаға жазылды. Оқушыларға түсті текше берілді. Ерікті оқушы сыныптағы шамдарды сөндіріп, тікелей текшеге фонарь түсірді. Оқушыларға текше арқылы жарық неге өтпегенін түсіндіру ұсынылды. Алынған жауап: Түсті текше мөлдір емес, олар барлық жарықты жұтады, бұл – екінші күтілген нәтиже. Қорытынды: Мөлдір емес денелер жарықты жұтады, өткізбейді.

(iii) Жарықтың шағылуының анықтамасы тақтаға жазылды.

Төрт ерікті оқушыларға шағын аумақты жарық шағылыстыру арқылы жарықтандыру тапсырылды. Ерікті бірінші және екінші оқушыға жылжымалы айна беріліп, бөлмені қараңғылау тапсырылды. Үшінші оқушыға фонарь беріліп, демонстрация кезінде бөлмені жарықтандыруы тапсырылды. Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтау және фонарьды басқа оқушының көзіне тікелей түсірмеуі ескертілді. Төртінші оқушыға жылжымалы айнасы бар екі оқушыны егер үшінші оқушы бір айнаға фонарь жарығын түсірсе, екінші айнаға жарық түсетіндей етіп орналастыру тапсырылды. Демонстрацияны аяқтағаннан кейін оқушылардан

не байқағандарын сипаттау ұсынылды. Алынған жауап: Жарық айнадан екінші айнаға түседі. Аймақ тек шаммен ғана емес, сонымен қатар айна жарығымен де жарықтандырылды. Оқушылар үшінші күтілетін нәтиже жарықтың шағылысуын байқағанын түсіндірді.

Бірінші кезеңнің бақылау нәтижесінде төмендегі дағдыларды бақылады:

- ▶ Оқушылар оқу үрдісіне үнемі қатысып отырды.
- ▶ Оқушылар өз біліміне жауапкершілікпен қарады.
- ▶ Тәжірибе сабақтары жақсы есте сақталды және өткен сабақтармен байланыстырылды.
- ▶ Оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы кері байланыс дереу алынып отырды.

Оқушылардың жауаптарын тыңдай отырып, қосымша мағлұмат берілді.

Бұл кезең оқушылардың танымдық мақсаттарға жетуге және білімді саналы деңгейге жеткізуге, оқушылардың ойлау, зерттеу, коммуникативтік дағдылары қалыптасуына көмектесті.

Бақылаудың екінші кезеңі: *Оқушылар өткен тақырып бойынша сұрақтар дайындап, оларды логикалық ретпен орналастырып, дәптерге жазу кезеңі.*

Дайындаған сұрақтарын оқушылар сыныпта бірге қарастырды. Мысалы, «Өсімдіктер» тақырыбына төмендегі сұрақтар дайындалып, оларды логикалық ретпен орналастыра отырып, сұрақ пен жауабын дәптерлеріне жазды.


(i) Өсімдіктердің қоректік тізбектегі рөлі қандай? (ii) Өсімдіктің тіршілік циклі қандай? (iii) Тозаңдану нәтижесінде тұқымның пайда болуын қалай сипаттауға болады? Тұқымның таралуын қалай сипаттауға болады? (iv) Төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктердің айырмашылығын қалай түсінесіз? (iv) Өсімдіктерді қорғаудың қандай жолдары бар?

Екінші кезең логикалық ретпен сұрақ қоюдың, нәтижелі жазудың тиімді екенін көрсетті, сонымен бірге төмендегі дағдыларды бақылады:

- ▶ Оқушылардың пәнді оқуын және оқу әрекетіне қатысуы артты.
- ▶ Оқушылардың білімін саналы деңгейге жеткізуге көмектесті.
- ▶ Сыныпта ауызша өзара әрекеттесу құпталды.
- ▶ Оқушылар нәтижелі жазу дағдысы артты.
- ▶ Оқушылар бір-бірінің қызығушылығын арттыратындай сұрақтар қою дағдысы қалыптастырылды.
- ▶ Оқушылар бір-бірінің жауабына сілтеме жасау арқылы жаңа сұрақтар қою дағдысы қалыптастырылды.

Бақылау кезеңі аяқталғаннан кейін ББЖМ тест спецификациясы бойынша тест дайындалып, оқушылар сынақтан өтті. Тесті бағалау 1-кестеге сәйкес жүргізілді. Нәтижесі алдын ала алынған тест нәтижесімен салыстырылды. Жаңа оқыту әдістерін қолданғаннан кейін нәтижелердің жақсарғаны анықталды.

Алдын ала және бақылау кезеңінен кейін алынған тест нәтижелерінің орташа балдары (сәйкесінше 11,39 және 12,57) бойынша салыстырғанда 1,30 балға өсті. Бұл айырмашылықтар жалпы оқушылардың ойлау, зерттеу, коммуникативтік дағдылары қалыптасуымен тікелей байланысты. Ал тест нәтижелерін талдау барысында оқушылардың деңгейлік сипаттамалары бойынша диаграммада көрсетілгендей бақылау кезеңінен кейін тест нәтижелерінде жоғары және өте жоғары деңгейдегі оқушылар саны артқанын байқауға болады (1-диаграмма).



1-диаграмма – Алдын ала және бақылау кезеңінен кейін алынған тест нәтижелері

Сонымен қатар, бақылауға қатысқан оқушылар мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім

алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында бастауыш білім беру ұйымдарында жүргізілген ББЖМ-дан жоғары нәтиже

көрсетті. ББЖМ 4-сыныптарда тестілеу нысанында электрондық форматта оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша жүргізілді. ББЖМ нәтижелері туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған.

Ұсынымдар

Зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар оқушылар өмірде табысқа жету үшін қажетті негізгі дағдылар болып табылады. Бұл дағдылар оқушылардың қоршаған ортаны тиімді түсінуіне көмектеседі. Бақылау барысында мұғалім өзара қарым-қатынасқа, диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген әдіс жаратылыстану пәні бойынша материалды меңгеруде тиімді екенін көрсетті. Сонымен қатар жүргізілген бақылаудан диалог арқылы «сұрақ қою-жауап беруге» негізделген әдісті қолдануда келесі ұсыныстар нәтиже беретіні анықталды.

(i) Біліміне жауапкершілікпен қарау. Жаратылыстану пәні бойынша сұрақтар бізді қоршаған әлемге деген қызығушылық, сондай-ақ нақты әлемдегі мәселелермен өзара әрекеттесу арқылы туындайды. Оқушылардың сұрақтары ең алдымен өткен тақырып туралы ойланғанын және оны басқа білетін нәрселермен байланыстыруға тырысқанын көрсетеді. Бұл ретте, тақырып бойынша қойылған сұрақтың дұрыс жауабы немесе оқушылардың ойлана жауап беруі, олардың жақсы сезінуіне мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылар меңгерген білімі болашақта маңызды екенін түсініп, ойлауы керек.

1) Жауаптарына нақты болу. Жауап беру барысында оқушылар өз ойларын нақты тұжырымдап, түйінді сөйлеулері керек. Айқын жауап беру, тақырыпты түсіну үшін өте маңызды. Сонымен бірге, ашық ойларды дамыту үшін олар жазу керек. Оқушылар сұрақтың жауабын жазғанда және қайталағанда, жазғандары туралы ойлануға мүмкіндік алады. Бұл оқушылардың ойларын нақтылауға көмектеседі.

2) Ауызша өзара әрекеттесу. Оқушылардың бірі-біріне сұрақ қоюы, жауабын тыңдауы, талқылауы – ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытудың ең жақсы тәсілдерінің бірі. Оқушылардың өзара әрекеттесуі тақырып бойынша білімдерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оларға ұтымды дәлелдер дайындауға көмектеседі.

3) Белсенді тыңдауды үйрену. Тақырыпты тиімді меңгеру үшін оқушылар белсенді тыңдаушы болуы керек. Дұрыс жауап беру үшін олар алдымен басқа адамның не айтып жатқанын түсінуі керек. Белсенді тыңдауды жаттықтыру оларға жақсы сөйлеуші болуға көмектеседі.

4) Тәжірибе сабақтарға қатысу. Кез келген тақырып бойынша жүргізілген тәжірибе жұмыстарына қатысып, алдын ала дайындалған мәтінсіз тәжірибе нәтижесін айтуды жаттықтыру, тақырып бойынша өз ойларын айтуға көмектеседі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану оқушылардың өз бетінше ойлауына, логикалық сұрақтар құруына, оқушылардың шығармашылық көзқарастарын дамытуға, зерттеу, коммуникативтік дағдыларын қалыптасуына негіз жасалды деп айта аламыз. Қалыптасқан дағдылар нәтижесінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында бастауыш білім беру ұйымдарында жүргізілген ББЖМ-дан жоғары нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар берілген әдістерді қолдану арқылы оқушылардың зейінінің жақсарғаны анықталды. Бұл әдістер оқушыларды жаңаша оқытуға ғана емес, сонымен қатар олардың оқу үлгерімін арттырды. Сыныптағы оқу мен түсіну деңгейін бағалау қабілеті артты. Оқушыларда мотивацияны қалыптастыруды қамтамасыз етіп, бұл өз кезегінде заманауи оқушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал етті.

Зерттеу оқушыларға сұрақ қою дағдыларын нақты тақырыпты оқыту және бірлескен топта жаңа мазмұнды материалды меңгеруді қоса алғанда, жаратылыстану пәніне қатысты тапсырмалардың ауқымын жақсартуға әкелуі мүмкін екенін көрсетті.

Қолданылған деректер тізімі

1. Жаратылыстану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. /Оқу бағдарламасын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен, жоғарғы оқу орындарының ғалымдарымен және жалпы орта білім беретін мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп құрастырған. – Астана, 2016. <https://www.nis.edu.kz/kz/edurenew/eduinside/edu-programs/>.
2. Оқытудың интербелсенді әдістері. [Электронды библиотека]: https://kk.wikipedia.org/wiki/оқытудың_интербелсенді_әдістері.
3. **Крастева А.** Интербелсенділік – Бастауыш мектеп оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. [Электронды библиотека]: ankrasteva.files.wordpress.com/2011/09/interaktivnost.pdf
4. **Әлімов А.Қ.** Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер: оқу әдістемелік құрал. – Астана қ., 2014 ж.
5. ББЖМ тест спецификациялары. [Электронды библиотека]: <https://testcenter.kz/shkolnikam/bbzhm-test-spetsifikatsiyalary/>.
6. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығы.
7. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериялы бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016.

● СОДЕРЖАНИЕ ОБНОВЛЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ, МЫСЛИТЕЛЬНЫХ, КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ПО ЕСТЕСТВОЗНАНИЮ

Шокеева Г.Ж.

Специализированный лицей «Дарын» №82, г. Астана

Аннотация. Цель данного исследования направлена на применение современных и инновационных методов обучения в формировании исследовательских, мыслительных и коммуникативных навыков учащихся по предмету «Естествознание» для начальной школы в рамках обновленного содержания среднего образования. В наблюдении приняли участие 23 ученика четвертого класса. Исследование проводилось в специализированном лицее №82 «Дарын» г. Астаны в рамках текущего учебного процесса. Используемый метод обучения позволил учащимся активно исследовать научные идеи под руководством учителя. В ходе наблюдения установлено, что преподавание предмета «Естествознание» как процесс поиска ответов на вопросы, а также диалогические методы обучения повышают эффективность учебного процесса.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, интерактивное обучение, диалоговое обучение.

● THE CONTENT OF THE UPDATED EDUCATION: THE DEVELOPMENT OF RESEARCH, THINKING, COMMUNICATION SKILLS OF STUDENTS IN NATURAL SCIENCE

Shokeyeva G.Zh.

Specialized Lyceum «Daryn» №82, g. Astana

Annotation. The purpose of this study is aimed at using modern and innovative teaching methods in the formation of research, thinking, communication skills of students on the subject of “Natural Science” for primary school within the updated content of secondary education. 23 students of the fourth grade took part in the observation. The study was conducted at the specialized Lyceum No. 82 “Daryn” in Astana as part of the current educational process.

The teaching method used allowed students to actively explore scientific ideas under the guidance of a teacher. During the observation, it was found that considering the study of the subject “Natural science” as a process of finding answers to questions, as well as dialogical teaching methods increase the effectiveness of the educational process.

Keywords: communication skills, interactive learning, dialogical learning.



FTAMP 14.27.05

МУЗЫКАЛЫҚ МЕКТЕП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Ж. Б. Канафина

«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат кешені» ММ, Павлодар қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада музыкалық мектеп білім алушыларының әлеуметтік бейімделуі мен өзіне деген сенімділігін арттыруға бағытталған коммуникативті дағдыларды дамыту бағдарламасы сипатталған. Бағдарлама мазмұны 10 сабақты құрайды. Павлодар облысының «Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешенінде жүргізілген зерттеу бағдарламаға қатысқаннан кейін оқушылардың коммуникативтік дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Мақалада сонымен қатар педагогтерге сабақтарды тиімді өткізуге арналған ұсыныстар берілген.

Түйінді сөздер: коммуникативті дағдылар, білім алушы, музыкалық мектеп.

Кіріспе

Қазіргі білім беру үдерісінде пәндік білімге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға да көп көңіл бөлінеді. Музыкалық мектептер мамандандырылған білім беру мекемелері

ретінде оқушыларды музыкалық аспаптарда ойнауға және музыкалық өнерді түсінуге үйретіп қана қоймай, олардың тұлға ретінде үйлесімді дамуына ықпал ету міндетін қояды. Бұл тұрғыда әлеуметтік педагогтің рөлі ерекше маңызды болады, өйткені ол білім алушылардың

коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырумен және дамытумен айналысады [1].

Музыка мектебіндегі әлеуметтік педагог жұмысының өзіндік ерекшелігі бар және ерекше тәсілді қажет етеді. Музыканы оқыту тек аспапты техникалық меңгеру ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың белгілі бір әлеуметтік дағдыларды, соның ішінде тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру процесі екенін түсіну маңызды. Музыка мектебінде жұмыс істейтін әлеуметтік педагог музыканттардың қабылдау және ойлау ерекшеліктерін, олардың эмоционалды жауаптылығы мен шығармашылығын ескеруі керек [2].

Әдістеме

Музыкалық мектеп білім алушыларының коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін арнайы бағдарлама әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың әлеуметтік бейімделуін, өзіне деген сенімділігін және тұлғааралық қарым-қатынастың тиімділігін арттыру үшін қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- 2) белсенді тыңдау және эмпатия әдістерін үйрету;
- 3) жанжалдарды басқару дағдыларын дамыту;
- 4) көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Бағдарлама барлығы 10 сабақтан тұрады, әр тақырыпқа 1 сағаттан беріледі. Сабақтарды өткізу тренинг, рөлдік ойындар, топтық жұмыс форматында өткізіледі. Бағдарламаның мазмұны 1-кестеде берілген.

1-кесте – «Коммуникативті дағдылар» бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны
1	Тиімді қарым-қатынас негіздері	вербалды және вербалды емес қарым-қатынас негіздерін үйрету	1
2	Белсенді тыңдау әдістері	басқалардың пікірлерін түсіну үшін мұқият және эмпатикалық тыңдау дағдыларын дамыту	1
3	Жанжалды жағдайларды басқару	барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып, қақтығыстарды сындарлы түрде шешуге үйрету	1
4	Көпшілік алдында сөйлеу және риторика	аудитория алдында сенімді сөйлеуге машықтану, сөйлеу және презентация дағдыларын дамыту	1
5	Топтық динамика және топтық жұмыс	топта тиімді жұмыс істеуді үйрену, рөлдер мен міндеттерді бөлу және топта оң өзара әрекеттесуді сақтау	1
6	Эмоционалды интеллектті дамыту	өз эмоцияларын білу және басқару, басқалардың эмоцияларын түсіну және есепке алуды қалыптастыру	1
7	Сендіру және ықпал ету дағдылары	сендіру әдістерін үйрету, этикалық нормаларды ескере отырып, басқа адамдардың пікірлері мен шешімдеріне әсер ету қабілетін дамыту	1
8	Диалог өнері	әңгімелесу, дұрыс сұрақтар қою және әртүрлі тақырыптар бойынша диалог жүргізу қабілетін дамыту	1


№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны
9	Цифрлық дәуірдегі қарым-қатынас мәдениеті	әлеуметтік желілерде, электрондық пошта арқылы және басқа сандық платформалар арқылы тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын игеру	1
10	Өзін-өзі таныстыру және жеке бренд құру	алғашқы жағымды әсер мен жеке брендті қалыптастыру	1
	Барлығы		10

Практикада қолдану

Бағдарлама Павлодар облысының «Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдан бастап 5-7 сынып білім алушылары арасында жүргізілді. Бағдарлама барысында экспериментке дейін және эксперименттен кейін зерттеу жүргізілді. Бағдарламаның тиімділігін тексеру мақсатында «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділік» (авторы В. В.

Синявский, В. А. Федорошин) тесті жүргізілді [3]. Тест 40 сұрақты қамтиды. Тест нәтижесі бойынша коммуникативті дағды бойынша 5 деңгей анықталды: төмен, орташадан төмен, орташа, жоғары, өте жоғары. Зерттеу нәтижесі бойынша экспериментке дейін 14 % төмен, 18 % орташадан төмен, 36 % орташа, 20 % жоғары, 12 % өте жоғары деңгейді көрсетсе, ал эксперименттен кейін, яғни бағдарламаны жүргізілген 10 % төмен, 14 % орташадан төмен, 40 % орташа, 22 % жоғары, 14 % өте жоғары деңгейі көрсетті (1-сурет).

Коммуникативті дағдылар



1-диаграмма – Білім алушылардағы коммуникативті дағдылар деңгейі

1-суреттен көріп отырғанымыздай, бағдарламаны жүргізген соң білім алушыларда коммуникативті дағдылар деңгейінің сәл де болса артқанын байқаймыз. Сонымен қатар бірнеше шектеулер болғанын да ескерген жөн: бағдарлама барлығы 10 сағатты ғана қамтыды; бағдарлама тек Павлодар облысының Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернатында ғана жүргізілді.

Ұсыныстар

Бағдарламаны жүргізуде педагогтерге келесідей ұсыныстар беруге болады:

- ▶ бағдарламаның тиімділігін анықтау мақсатында бағдарламаны жүргізгенге дейін және кейін диагностика жүргізіп, деңгейін анықтаған жөн;
- ▶ бағдарламаны жүргізуде әр білім алушының жеке қасиеттеріне де мән берген жөн;
- ▶ бағдарламаны өткізуде интерактивті әдістеді қолдану оның тиімді және қызықты өтуіне әсер етеді;
- ▶ шығармашылық және сыни ойлау тапсырмаларын ұсына отырып, оқушылардың белсенді қатысуын ынталандыру;
- ▶ әр білім алушы өз ойлары мен сезімдерін білдіруге ыңғайлы болатын достық және қолдау ортасын жасаған жөн;
- ▶ бағдарлама бойынша сабақ жоспарын оқушылардың қажеттіліктері мен

реакцияларына сәйкес бейімдеуге дайын болыңыз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, мектеп білім алушыларында коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша тренингтер өткізу маңызды және жауапты міндет болып табылады. Бұл тренингтер жастарды әлеуметтік және кәсіби контексте сәтті өзара әрекеттесуге дайындауда шешуші рөл атқарады. Бұл ретте білім мен дағдыларды жеткізу ғана емес, сонымен қатар білім алушыларды үнемі өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге шабыттандыру маңызды.

Мұқият жоспарланған, интерактивті оқыту әдістері арқылы педагогтер оқушылардың қарым-қатынас қабілеттеріне деген сенімділік деңгейіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Оқыту үшін қолдау және ынталандыру ортасын құру білім алушыларға жаңа белестерді ашуға және олардың қарым-қатынас дағдыларын белсенді дамытуға көмектеседі.

Қолданылған деректер тізімі

1. Жусупбекова Г., Ибрагимова Г. Пікірталас-ойын технологиясын жүзеге асыру үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру // «Педагогика және психология» журналы, 2020. – № 2 (43). – Б.136–143
2. Саблина Т. Н. Развитие коммуникативных навыков учащихся в музыкальной деятельности // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6. – С. 801-801.
3. Искакова, М. С. Психодиагностика : оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2014. - 163 б.

● РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ОБУЧАЮЩИХСЯ МУЗЫКАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Ж. Б. Канафина

ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж - музыкальная школа-интернат для одаренных детей», г. Павлодар

Аннотация. В данной статье описана программа развития коммуникативных навыков, направленная на повышение социальной адаптации и уверенности в себе обучающихся

музыкальной школы. Содержание программы составляет 10 занятий. Исследование, проведенное в комплексе «Музыкальный колледж - музыкальная школа-интернат для одаренных детей» Павлодарской области, показало значительное улучшение коммуникативных навыков учащихся после участия в программе. В статье также представлены рекомендации для педагогов по эффективному проведению занятий.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, обучающийся, музыкальная школа.

● **DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS OF STUDENTS IN MUSIC SCHOOLS**

Zh. B. Kanafina

State Institution "Complex "Musical college - musical boarding school for gifted children", Pavlodar, Kazakhstan

Abstract. This article describes the program of communicative skills development aimed at increasing social adaptation and self-confidence of music school students. The content of the program is 10 sessions. The research conducted in the complex "Music College - Music Boarding School for Gifted Children" in Pavlodar region showed a significant improvement of students' communication skills after participation in the program. The article also presents recommendations for teachers on the effective conduct of classes.

Key words: communication skills, learner, music school.

FTAMP 15.21.51

МЕКТЕП ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАНУ СИНДРОМЫ: АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Д. СансызбайПавлодар облысы Аққулы ауданының
«Қазы жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Аңдатпа. Бұл мақала мектеп педагогтерінің эмоционалды жану синдромының алдын алуға және психологиялық қолдауға арналған бағдарлама шеңберінде жазылған. Мақалада отандық зерттеушілердің еңбектері қарастырылып, теориялық базасы жасалынды. Әдістеме бөлімінде мектеп педагогтерінің жану синдромының алдын алу және психологиялық қолдау бағдарламасының мақсаты, мазмұны, күтілетін нәтижелері берілген. Бағдарлама Қазы жалпы орта білім беру мектебінде сынақтан өтіп, оның артықшылықтары мен шектеулері анықталды. Бағдарламаны қолдану бойынша педагогтерге арналған ұсыныстар берілді. Мақала білім беру мамандарына, мектеп әкімшілігіне, педагог-психологтерге пайдалы болмақ.

Түйінді сөздер: эмоционалды жану, педагог, психологиялық қолдау, алдын алу.

Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде мұғалім мамандығы білім беруді ғана емес, сонымен бірге оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды дамуына белсенді қатысуды да қамтиды. Бұл педагогтерге жоғары талаптар қояды және айтарлықтай психозэмоционалды шиеленісті тудырады. Педагогтердің алдында тұрған көптеген қиындықтардың ішінде эмоционалды жану синдромы ерекше орын алады, бұл білім беру саласындағы өзекті мәселеге айналады.

Шаршау синдромы эмоционалды ресурстардың сарқылуымен, кәсіби мотивация мен тиімділіктің төмендеуімен сипатталады, бұл педагогтердің жеке әл-ауқаты-

на да, білім беру процесінің сапасына да теріс әсер етеді.

Отандық ғалым Н. Жубаназарова «Эмоционалды жану синдромы –профессионалдың эффективтілігін төмендететін, тұлғаға және оның денсаулығына кері әсері бар құбылыс», – деген анықтама береді. Сонымен қатар, жүргізілген зерттеуінде 4-9 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтерде эмоционалды жану синдромы жоғары болатыны көрсетілген [1].

Г. Турсунгожинова эмоционалды жану синдромы психикалық, соматикалық және әлеуметтік сфералардағы бұзылысымен сипатталатын симптомдардың жиынтығы деп қарастырып, оны профессионалдық стресстен туындайтын тұлға-

лық деформацияның аспектісі ретінде зерттейді [2].

А. Халыкова, Г. Куанышева педагогтердің кәсіби тұлғалық құндылықтарының педагогикалық-психологиялық шарттарында педагогтердің стресске төзімділігі, эмоционалды тұрақтылығы оны табысты іске жетелейтінін жазады [3].

Б. Аканбаев эмоционалды жанудың бірнеше факторларын анықтайды: тұлғалық, рөлдік, ұйымдастырушылық факторлар [4].

Осы мақала мектеп мұғалімдері арасындағы күйіп қалу синдромының мәселелерін қамтуға бағытталған. Педагогтер арасында жағдайдың дамуына ықпал ететін негізгі себептер мен факторларды анықтап, педагогикалық қызметкерлердегі эмоционалды жанудың алдын алу мен психологиялық қолдаудың тиімді тәсілдерін қарастыруға тырысамыз. Эмоционалды жану деңгейін төмендету және педагогтердің жалпы әл-ауқатын арттыру үшін білім беру мекемелерінде қолдануға болатын қолданыстағы стратегиялар мен әдістерді талдауға ерекше назар аударылады.

Бұл мақаланың мақсаты - мектептегі білім беру контекстінде жану синдромы туралы терең түсінік беру және оның алдын алу және педагогикалық кадрларды тиімді психологиялық қолдау бойынша ұсыныстар жасау.

Әдістеме

Мектеп педагогтерінің жану синдромының алдын алу және психологиялық қолдау бағдарламасы әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты: педагогикалық қызметкерлер арасында эмоционалды жану синдромының алдын алу мен төмендетудің кешенді тәсілін әзірлеу, олардың психологиялық әл-ауқаты мен кәсіби тиімділігін арттыру.

Бағдарлама шеңберінде келесідей күтілетін нәтижелер анықталды: педагогтер арасындағы эмоционалды жану синдромы мен стресстің көріністерін азаяды; кәсіби қанағаттану мен мотивация деңгейін арттады; өзін-өзі реттеу және эмоционалды тұрақтылық дағдылары нығаяды; оқу ұжымдарында өзара қолдау және ынтымақтастық мәдениеті дамиды.

Бағдарламада келесідей әдістер мен тәсілдер қолданылды: интерактивті тренингтер, психологпен топтық және жеке кеңес, медитация және релаксация жаттығулары, рөлдік ойындар, кейс әдісі.

Бұл бағдарлама теориялық оқытуды практикалық сабақтармен және жаттығулармен үйлестіре отырып, эмоционалды жану синдромының алдын алуда кешенді тәсілге бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны 1-кестеде берілген.

1-кесте – «Эмоционалды жану синдромының алдын алу» бағдарламасы

№	Тақырыптар	Мақсаты	Мазмұны, қолданылатын әдістер
1	Эмоционалды жану синдромы мәселесі	Эмоционалды жану синдромының тұжырымдамасымен танысу	Эмоционалды жану синдромы түсінігі, себептері
2	Өзін-өзі реттеу және стрессті басқару стратегиялары	Стрессті басқару және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту	Релаксация әдістері, тыныс алу жаттығулары, стресс деңгейін төмендету әдістері
3	Уақытты басқару және жұмыс процесін оңтайландыру	Тиімділікті арттыру және жұмыс кезіндегі қысымды төмендету	Уақытты жоспарлау, міндеттерге басымдық беру, жұмыс жүкте-месін басқару әдістері

№	Тақырыптар	Мақсаты	Мазмұны, қолданылатын әдістер
4	Қарым-қатынас дағдылары және қақтығыстарды басқару	Тұлғааралық қатынастар мен қақтығыстарды басқаруды жақсарту	Эмпатияны дамыту бойынша тренингтер, белсенді тыңдау, жанжалды жағдайларды шешу әдістері
5	Эмоционалды жанудың алдын алудағы физикалық денсаулықтың рөлі	Физикалық денсаулықтың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру	Дұрыс тамақтану бойынша кеңестер, ұйқының маңыздылығы, тұрақты жаттығулар
6	Психологиялық тұрақтылық және копинг стратегиялары	Психологиялық жүктеме-лермен күресу дағдыларын дамыту	Теріс эмоциялармен жұмыс істеу әдістері, стресске төзімділік, өзгерістерге бейімделу
7	Ынтымақтастық және өзара қолдау	Қолдаушы және өзара сыйласушы ортаны қалыптастыру	Ынтымақтастықты, өзара көмек пен тиімді қарым-қатынасты ынталандыру стратегиялары
8	Медитация әдістері	Медитация әдісі арқылы психикалық әл-ауқатқа ықпал ету	Медитация негіздеріне кіріспе, стрессті азайту үшін ой елегінен өткізу практикасы
9	Интеграция және рефлексия	Өткен материалды бағалау және болашақ әрекеттерді жоспарлау	Өткенді талқылау, нәтижеге бағыттаудың жеке жоспарын құру

Практикада қолдану

Бұл бағдарлама 2022-2023 оқу жылында Павлодар облысының білім беру басқармасының Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Қазы жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің педагогикалық ұжымына жүргізілді. Бағдарлама орындау барысында әр тақырыпқа 2 сағаттан бөлінді. Мұғалімдер эмоционалды жанудың табиғаты мен механизмдері туралы білім алды, бұл олардың осы мәселені терең түсінуіне ықпал етті. Бағдарлама барысында мұғалімдерге өздерінің психоэмоционалды жағдайлары туралы көбірек білуге және туындаған мәселелерді шешудің жеке жолдарын табуға мүмкіндік беретін тренингтер мен рөлдік ойындар қолданылды. Бағдарламаға қатысқан мұғалімдер эмоционалды жану жағдайында алдын алу мен психологиялық қолдаудың маңыздылығын түсінудің жақсарғанын атап өтті. Олар кәсіби қызметі мен жеке өміріне көмектесетін құнды дағдылар мен білім алды.

Бағдарламаны одан әрі енгізу кезінде ескеретін маңызды аспект – оның

мазмұнын әр педагогикалық ұжымның ерекшеліктеріне бейімдеу қажеттілігі. Сараланған тәсіл әртүрлі білім беру мекемелерінің жеке қажеттіліктері мен жұмыс ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл бағдарламаны педагогтердің кең ауқымы үшін тиімдірек және қолайлы етеді.

Ұсыныстар

Бағдарламаны қолдану бойынша келесідей ұсыныстар бергіміз келеді:

- 1) бағдарламаны енгізу кезінде әр педагогикалық ұжымның бірегей қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру керек;
- 2) мазмұны мен әдістерін белгілі бір білім беру ортасына бейімдеген жөн;
- 3) бағдарламаны іске асыру процесіне мектеп әкімшілігінің қолдауын және қатысуын қамтамасыз ету, бұл оны сәтті енгізу үшін қолайлы орта құруға ықпал етеді;



- 4) мәселелерді талқылау және олармен күресу стратегияларын әзірлеу үшін психологиялық қолдау жүйесін енгізу керек;
- 5) қысқа релаксация сеанстары немесе топтық талқылаулар сияқты мұғалімдердің күнделікті жұмысына бағдарлама элементтерін қосуға болады;
- 6) мектепте ашықтық, қолдау және бір-біріне қамқорлық жасау мәдениетін құруды ынталандыру, бұл стресс деңгейін төмендетуге және ұжымдағы жалпы ахуалды жақсартуға көмектеседі.

Қорытынды

«Мектеп мұғалімдерінің эмоционалды жану синдромының алдын алу және психологиялық қолдау» бағдарламасы мұғалімдердің психоэмоционалды әл-ауқатын жақсарту және білім беру процесінің сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Алынған нәтижелерге және қатысушылардың кері байланысына сүйене отырып, бағдарламаны жүйелі қолдану мектептердегі психологиялық ахуалды жақсартуға, педагогтердің кәсіби қанағаттануын арттыруға және соның салдарынан білім беру сапасын арттыруға айтарлықтай үлес қоса алады деген қорытынды жасауға болады.

Бағдарламаның сәтті өтуі тек мазмұны мен әдістеріне ғана емес, сонымен қатар педагогтердің де, білім беру мекемелерінің әкімшілігінің де қатысу деңгейіне байланысты екенін атап өту маңызды. Басшылық тарапынан қолдау, сондай-ақ педагогикалық ұжымның өз жұмысына белсенді қатысуға және жаңа білім мен дағдыларды қолдануға дайындығы бағдарламаны табысты іске асырудың негізгі факторлары болып табылады.

Әр түрлі білім беру мекемелерінің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бағдарламаны одан әрі енгізу және бейімдеу бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады. Сондай-ақ бағдарламаның тиімділігіне тұрақты мониторинг пен бағалауды қамтамасыз ету қажет, бұл қажетті түзетулер мен жақсартуларды уақтылы енгізуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, бағдарлама педагогтердің психоэмоционалды жағдайын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар салауатты, өнімді және инновациялық білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал ететін байқауға болады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Жубаназарова, Н.С., Турсынғали, А.А., Сайлинова, К. Әр түрлі жас категориялардағы педагогтердің эмоционалды жану көріністерін

- зерттеу // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Психология» сериясы, 2021. – №4. – 27-31 б.
2. **Турсунгожинова Г.С.** Эмоциональное выгорание в профессиональной деятельности личности. Вестник // Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Психология», 2019. – №4. – С. 180-186.
 3. **Халыкова, А.М., Куанышева, Г.Ә.** Педагогтердің кәсіби тұлғалық құндылықтарының педагогикалық-психологиялық шарттары // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы, 2021. – №4. – 63-70 б.
 4. **Аканбаев, Б.Н.** Мектеп мұғалімдерінің эмоционалды күйіп кетуінің алдын алу // ҚМПИ жаршысы №3 (51), 2018. – 28-32 б.

● **СИНДРОМ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ ПЕДАГОГОВ ШКОЛЫ: ПРОФИЛАКТИКА И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА**

Д. Сансызбай

Коммунальное государственное учреждение
«Казынская средняя общеобразовательная школа» отдела
образования района Аккулы, управления образования Павлодарской
области Республика Казахстан, Павлодарская область, район Аккулы

Аннотация. Эта статья написана в рамках программы школьных педагогов по профилактике и психологической поддержке синдрома эмоционального выгорания. В статье рассмотрены труды отечественных исследователей, составлена теоретическая база. В разделе Методики представлены цель, содержание, ожидаемые результаты программы профилактики и психологической поддержки синдрома выгорания педагогов школы. Программа апробирована в Казынской средней общеобразовательной школе, определены ее преимущества и ограничения. Даны рекомендации для педагогов по применению программы. Статья будет полезна специалистам образования, администрации школы, педагогам-психологам.

Ключевые слова: эмоциональное выгорание, педагог, психологическая поддержка, профилактика.

● **EMOTIONAL BURNOUT SYNDROME OF SCHOOL TEACHERS: PREVENTION AND PSYCHOLOGICAL SUPPORT**

D. Sansyzbay

Communal State Institution "Kazyn Secondary General Education School" of
Education Department of Akkuly District, Education Department of Pavlodar region
Republic of Kazakhstan, Pavlodar region, Akkuly district

Abstract. This article is written within the framework of the program of school teachers on prevention and psychological support of emotional burnout syndrome. In the article the works of domestic researchers are considered, the theoretical basis is compiled. The Methods section presents the purpose, content, expected results of the program of prevention and psychological support of burnout syndrome of school teachers. The program is tested in Kazyn secondary comprehensive school, its advantages and limitations are determined. Recommendations for teachers on the application of the program are given. The article will be useful for education specialists, school administration, teacher-psychologists.

Key words: emotional burnout, teacher, psychological support, prevention.

FTAMP 14.25.05

ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫНДА САРАЛАНҒАН ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Утенова Г.А.

«№77 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ, Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектептегі оқушылардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстарын талдау, түсіндіру мақсатында жазылған. Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. Үлгерімі төмен оқушыларды байқаған бетте, ең алдымен, дер кезінде оның себебін анықтау өте маңызды. Өйткені, өзімізге мәлім болғандай, адам бойында түрлі науқастар пайда бола қалса да, ең алдымен, оның пайда болу себебін анықтайтыны белгілі. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек. Мұғалім оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша дәптер жүргізуі керек, онда ол оқушылардың қателіктерін ескереді және оларды түзету жұмыстарын көрсетеді.

Түйінді сөздер: үлгерімі төмен оқушылар, меңгеретін тақырыптар, жоспар, тапсырма.

Кіріспе

Оқушылардың арасында мектеп бағдарламасын орташадан төмен деңгейде игерудің бірден-бір факторы – қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен білім беру деңгейіне қойылатын талаптардың үнемі артуы.

Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде аталған компоненттер өзара тығыз байланысты. Таным әрекетінің нәтижелілігі – ақыл-ой әрекетінің даму дәрежесіне байланысты. Оның негізгі компоненттерінің қалыптаспауы үлгерімнің төмен болуының басты себебі болып табылады.

Мектеп балаға жалпы білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, сөйлеу, оқыту, талдау жасауға үйрету, өз ойын дұрыс жеткізе білуге, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқу еңбегінің қаруы – ой. Логикалық жеке пікірі мен өзіндік талдау – біртұтас. Бұл талаптар ой мен іс әрекеттің негізгі өзегі болып табылады.

Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек. Сол себепті, білім көзі бастауыштан басталады деген қағидамен бастауыш сынып оқушыларының арасындағы үлгерімі төмен оқушылармен қалай жұмыс жасау керектігіне тоқталғым келеді.

Нашар оқитын оқушылардың кемшіліктері төмендегідей:

- ▶ мәтінді оқығанда әріп, буын немесе сөз қалдырып оқу;
- ▶ кейбір буындарды сөздерді қайталап немесе ежіктеп оқу.

Оқушылардың зейінін, логикалық ойлауын, дәлдігін, өзін-өзі тексеру дағдыларын дамыту. Уәжі төмен оқушылардың белсенділігін арттыру – үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрі.

Қазіргі кезде оқушыларды толық жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалған деп айта аламыз. Алайда «бес саусақ бірдей емес». Оқушылардың физиологиялық, психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі т.б. әртүрлі дәрежеде. Дегенмен оқушылардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілері байқалып, сабақ үлгерімі төмен деңгейде қалып қоятын оқушылар жоқ емес.

Үлгерімі төмен оқушыларды байқаған бетте, ең алдымен, дер кезінде оның себебін анықтау өте маңызды. Өйткені, өзімізге мәлім болғандай, адам бойында түрлі науқастар пайда бола қалса да, ең алдымен оның пайда болу себебін анықтайтыны белгілі. Себебін білмей тұрып, оған дұрыс ем де қолданылмайды. Міне осы себепті, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің педогогика-психология ғылымында өзіндік қалыптасқан жүйесі бар. Сол жүйемен жұмыс жүргізу оң нәтижие береді.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар:

- ▶ Мұғалім пән бойынша артта қалудың себептерін анықтауы керек;
- ▶ Мұғалім оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша дәптер жүргізуі керек, онда ол оқушылардың қателіктерін ескереді және оларды түзету жұмыстарын көрсетеді;
- ▶ Оқу үлгерімі жағынан қалып қалған оқушыны күшті оқушыға бекітіңіз,

олардың бірлескен жұмысын бақылайды;

- ▶ Мұғалімнің өзі сабақта және одан тыс уақытта үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізеді;
- ▶ Мұғалім оқушыларға өз пәні бойынша үй тапсырмасын қалай дайындау керектігін үйретеді;
- ▶ Мұғалім өз пәні бойынша мүмкін болатын қиындықтарды болжап, оларды жеңу жолдарын үйретеді.

Әдістеме

